ТАҒДЫРШЕШТІ, ТҰҒЫРЛЫ МЕРЕКЕМІЗБЕН!

№126-127
(4560)
Сейсенбі
24 қазан
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті:

Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке. Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. Барша қазақстандықтар белсене атсалысқанда ғана осы игі мақсатқа қол жеткізе аламыз. Біз – байрағын биік ұстаған бабалардың ұрпағымыз. Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Бағдарымыз – айқын, мақсатымыз – ортақ. Біз тәуелсіздік тұғырын биік ұстап, мемлекеттігімізді нығайта береміз. Өйткені Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір.

ДЕКЛАРАЦИЯ ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАНДЫ?

7-БЕТ |

АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ АРПАЛЫС

8-9-БЕТ |

ӨЗ ЕЛІМ МЕНІҢ – ӨЗЕГІМ!

Республика күні 25 қазан

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Республика күнімен құттықтаймын!

Еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация Тәуелсіз мемлекет құруымызға жол ашты. Бұл ұлттық мереке біздің бірлігімізді нығайтуға арналған.

Мемлекет басшысы атап өткендей, біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік, «Бұл биік мақсатқа барша қазақстандықтардың белсенді атсалысуымен ғана қол жеткізуге болады, өйткені мемлекеттің басты тірегі мен ең үлкен байлығы – азаматтар!».

Біз ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрді, ұлы тарихты, өткеннің мәдени және рухани мұрасын мақтан тұтамыз. Ал болашақтың символы – біздің жас әрі күн санап өркендеп келе жатқан Астанамыз.

Сіздердің әрқайсыларыңыз қаламыздың дамуына үлес қосып жүрсіздер. Біз елордамызды жан-жақты дамыту жолында жұмыс істеп жүрміз. Оның ішінде әлеуметтік нысандар құрылысы мен аудандарды абаттандыру, ірі көліктік, инновациялық және өзге де жобалар бар.

Қаланың дамуына белсенді атсалысқан әрқайсыңызға алғыс айтамын! Республика күні құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

АЛТЫН АЛҒАН АҚМАРАЛ!

IV Азия пара ойындарында Ақмарал Науатбек алтын медальді жеңіп алып, ел байрағын асқақтатты.

Пара дзюдодан J2 санаты бойынша 48 келі салмақта өнер көрсеткен астаналық Ақмарал Науатбек финалдық белдесуге дейінгі қарсыластарын бір деммен жеңіп шықты. Ақтық сында қытайлық Ли Личинмен белдесіп, жеңіске деген жігер танытып, кілем иесін ұтты.

Қытайдың Ханчжоу қаласында 22-28 қазан аралығында өтетін Азия пара ойындарында Қазақстан спортшылары әзірге 2 алтын, 3 күміс, 4 қола медаль еншіледі.

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КОАЛИЦИЯСЫН ҚҰРУДЫ ҰСЫНДЫ

Президент Медициналық-санитарлық алғашқы көмек жөніндегі жаһандық конференцияның пленарлық отырысына қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) жөніндегі Алматы декларациясының қабылданғанына 45 жыл және Астана декларациясына 5 жыл толуына орай ұйымдастырылған жаһандық конференцияның пленарлық отырысына қатысты.

Мемлекет басшысы конференция қатысушыларына ілтипат білдіре отырып, денсаулық сақтау және медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсетудің халықаралық жүйесін жетілдіру ісінде Алматы және Астана декларацияларының маңызы зор екенін атап өтті.

– Осыдан 45 жыл бұрын медициналық-санитарлық алғашқы көмектің әлеуметтік тұрғыда әділетті моделіне негіз болған Алматы декларациясы қабылданды. Бұл декларация әлемдік денсаулық сақтаудың Ұлы Хартиясына айналып, көптеген елдің халық денсаулығын жақсарту үшін шара қабылдауына, оны адамның іргелі құқығы ретінде мойындауына түрткі болды. Алматы декларациясы біраз елде ана мен бала өлімінің деңгейін жүйелі түрде төмендету, болжамды өмір сүру жасын ұзарту үшін шешуші рөл атқарды. Бүгінде көптеген елде ұлттық денсаулық сақтау жүйесі жолға қойылған. Онда медициналық-санитарлық алғашқы көмекке айрықша мән беріледі. Бұл бес жыл бұрын қол қойылған Астана декларациясында нақтыланады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, МСАК жүйесі эпидемияның алғашқы белгілерін анықтау және тосын сын-қатерлерге қарсы әрекет ету ісінде маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы қоғамдық денсаулық сақтау ұйымдары өздерінің орнықтылығын және туындаған жағдайға тез бейімделе алатынын көрсеткеніне назар аударды. Президент адамзаттың COVID пандемиясын еңсеруіне үлес қосқаны үшін барлық медицина қызметкеріне алғыс айтты.

Бұл ретте, Президенттің пікірінше, барлық ықтимал қауіп-қатерді ескере отырып, денсаулық сақтау жүйесі кез келген күрделі жағдайға әрдайым дайын болуы үшін оған қолдау көрсету керек. Ауру-сырқаудың белгілерін бастапқы кезеңінде анықтау және тосын сын-қатерлерге дер кезінде назар аудару үшін әлеуетті арттыра беру қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі денсаулық сақтау жүйесін дамыту бағытында жүзеге асырылып жатқан шараларға арнайы тоқталды.

– Елімізде барлық баланы профилактикалық медициналық тексеруден өткізу ісі жолға қойылған. Әрбір ірі елді мекенде жастардың денсаулық орталықтары жұмыс істейді деуге болады. Жыл сайын үш миллионға жуық ересек адам скрининг және кәсіби тексеру бағдарламасынан өтеді. Ауыл тұрғындарының медициналық қызмет алуына бірдей мүмкіндік жасау үшін біз бірқатар реформа жүргіздік. Нәтижесінде, 2018 жылдан бастап ауылдардағы алғашқы көмек көрсету пункттерінің саны 3 еседен астам көбейді. Сонымен қатар телемедицина және қашықтан мониторинг жасау сияқты цифрлық технологиялар белсенді түрде енгізіліп жатыр. Бұл алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігін айтарлықтай арттырады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының қолдауымен Мемлекеттердің медициналық-санитарлық алғашқы көмек жөніндегі коалициясын құруды ұсынды. Бұл бірлестік денсаулық сақтау және аурудың алдын алу қағидаттарын одан әрі ілгерілетуге, медициналық-санитарлық алғашқы көмекті дамыту жөніндегі бірлескен ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету саласын, жалпы денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамытуда жастарға зор сенім артатынын атап өтті. Мемлекет басшысы жастармен кездескен сайын спортпен шұғылданудың маңыздылығы туралы айтатынын еске салып, оларды еңбекқор және мақсаттарына адал болуға шақырды.

Сонымен қатар конференцияның пленарлық отырысында ДДҰ Бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесус, ДДҰ-ның Еуропадағы өңірлік бюросының басшысы Ханс Клюге, Торонто денсаулық сақтау жүйесі университеті МСАК Серіктестік кеңсесі жаһандық бөлімінің жетекшісі Кэтрин Руло сөз сөйледі.

ДДС ҰЙЫМЫ БАСШЫЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының Бас директоры Тедрос Гебрейесусты және ұйымның Еуропадағы өңірлік бюросының басшысы Ханс Клюгені қабылдады.

Астанада өтіп жатқан Медициналық-санитарлық алғашқы көмек жөніндегі жаһандық конференция аясындағы кездесу барысында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен өзара ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы қонақтарға ілтипат білдіре отырып, еліміз ең маңызды ұйымның бірі саналатын ДДҰ-мен халықаралық деңгейде нәтижелі қарым-қатынас жасап отырғанын атап өтті.

– Еліміз әрқашан Сіздің қызметіңіздің табысты болуына септігін тигізеді. Қазіргідей күрделі жағдайда ДДҰ-ны басқару өте қиын екенін білемін. Бұл – нағыз сынақ. Сізге әлемдегі көптеген ел мен делегаттардың түрлі пікірлеріне құлақ асып, тиімді шешім табуға және мәміле жасауға тура келеді. Сізге табыс тілеймін. Біз өз тарапымыздан Сізге әрдайым көмектесеміз және қолдау көрсетеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев пандемиядан кейін аталған саланы қалыпқа келтіру, халық денсаулығын сақтау ісіндегі негізгі мақсаттарға қол жеткізу үшін денсаулық сақтау жүйесін нығайтуға Қазақстанның белсенді түрде кіріскеніне назар аударды.

Бұл ретте Президент ДДҰ жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан тиісті бастамаларға толық қолдау көрсетуге еліміздің дайын екенін нақтылады.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге, соның ішінде халықты денсаулық сақтау қызметімен толық қамтуға, ана мен бала өлімінің деңгейін төмендетуге, сондай-ақ туберкулез эпидемиясын толықтай жоюға ниетті.

Өз кезегінде ДДҰ Бас директоры Алматы және Астана декларацияларының қабылдануы ұйым мен жеке өзі үшін ерекше маңызды екенін атап өтті. Өйткені ол Денсаулық сақтау министрі қызметін атқарған кезінде, медициналық-санитарлық алғашқы көмекті дамыту мәселесімен мақсатты түрде айналысқан.

Бұдан бөлек, кездесуде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен ШЫҰ аясындағы ынтымақтастық, Орталық Азиядағы денсаулық пен әл-ауқатты қолдау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған жол картасын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Жаһандық конференцияны ұйымдастыруға атсалысқаны және осы маңызды шараға қатысқаны үшін Тедрос Адханом Гебрейесус пен Ханс Клюгеге алғыс айтты.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

Елорданың Достық үйінде Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен «Республика күні – Қазақстан тәуелсіздігінің бастауы» тақырыбында ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Айгүл УАЙС

Астаналық қоғамдық құрылымдардың, этномәдени бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың басын қосқан конференцияда қалалық ассамблеяның Ғылыми-сараптамалық тобының мүшелері баяндама жасады. Конференция жұмысын бастаған Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдаулет Әлмұханов ел бірлігін сақтап, отанымыздың тарихи-мәдени құндылықтарын сақтауда, байытуда және насихаттауда ғылыми-зерттеу ұйымдары мен Ассамблея сияқты қоғамдық ұйымдарының жұмысының маңызына тоқталды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы декларацияның қабылдануы Қазақстан мемлекеттілігі тарихындағы жаңа кезеңнің негізін қалаған ел дамуының бетбұрыс белгісі болды. Ол демократиялық әлеуметтік-бағдарланған және құқықтық мемлекет құруды жариялағанын айтқан Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сараптамалық тобының төрағасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Тілеген Садықов 1990 жылғы 25 қазан - Тәуелсіздіктің бастауы екенін баяндап өтті.

Одан кейін Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Академияның мемлекеттік басқару институтының директоры Зұлфұқар Ғаипов, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Алима Ауанасовалар баяндама жасап, заманауи коммуникация арналарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, декларацияның негізгі ережелерін насихаттау және түсіндіру бойынша ағартушылық жұмысты жандандыруды ұсынды.

Республика күніне арналған ғылыми-практикалық конференциясы жұмысының соңында арнайы қарар қабылдады. Онда ел дамуының мемлекеттілік кезеңдерін зерделеуде әлеуметтік ғылымдар өкілдерін тарту маңызды екені қамтылды. Сондай-ақ жастар арасында ұлттық сананы қалыптастыра отырып, Қазақстан Тәуелсіздігі кезеңінің жетістіктерін насихаттау мәселесі сөз болды.

КҮШЕЙТІЛГЕН ТӘРТІП РЕЖИМІ ЕНГІЗІЛЕДІ

ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Айдын Оразбаев еліміз үшін маңызды мереке – Республика күні қарсаңында Ішкі істер министрлігі тиісті құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін барлық қажетті жағдайды жасап жатқанын айтты.

ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторының айтуынша, 24-26 қазан күндері бүкіл жеке құрам қызмет өткерудің күшейтілген нысанына ауысады. Әкімдіктермен бірлесіп, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өтетін орындар белгіленді.

«Құқықтық тәртіптің күштері мен құралдарының есебі дайындалды. Осы күндері қоғамдық тәртіпті сақтауға тартылған полиция қызметкерлері мен Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің санын 20 мыңға дейін көбейту көзделген. Полиция жасақтары азаматтар көп жиналатын, әрі демалатын орындарға жақындатылады. Сонымен қатар бұл орындар Жедел бақылау орталықтарының бейнекамераларымен визуалды бақылауға алынады. Ахуалды мониторингілеу үшін министрлікте Жедел штаб жұмыс атқарады. Ұқсас штабтар барлық өңірде ашылады» деді ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Айдын Оразбаев.

Жалпы министрлік Республика күні мерекесінде азаматтардың қауіпсіздігі мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге барынша күш салып жатқанын мәлімдеді.

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА ҚАЛАМГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Музыкалық жас көрермен театрында «Тіл – елдіктің тірегі» атауымен салтанатты кеш өтті. Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» мекемесі ұйымдастырған мерекелік шарада «Тіл – ұлттың жаны» атты семинар-форумға атсалысқан елорда қаламгерлері марапатталды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Биыл бас қалада Қазақстан халқы тілдерінің XXV қалалық фестивалі бір айға жалғасты. Аталмыш семинар-форумды осы фестиваль аясында қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалымен бірлесіп ұйымдастырды. Қаламгерлерді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов және Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп марапаттады.

– Республика күні – біздің халқымызға өте ыстық, ерекше көңіл-күй сыйлайтын күн. Себебі Тәуелсіздік мерекесінің алдында осы мереке тұр. Еліміздің егемендігі асқақтай берсін, тәуелсіздігіміз мәңгі баянды болсын! – деген Ерлан Каналимов жиналған қауымды мерекемен құттықтады.

Мәслихат төрағасы Астана қаласының әкімдігі мен қалалық мәслихат елордадағы Жазушылар одағының мүшелеріне қолдау көрсету, еңбегін бағалау мақсатында әрқайсысы 500 мың теңгелік арнайы гранттарды бөлгенін атап өтті. Бұған биыл 160-тан астам қаламгер ілікті. Ерлан Каналимовтың айтуынша, осындай қолдау шарасы бұдан былай жыл сайын жалғасады. Грант көлемі көбеюі де ықтимал. Бұл шараның бастамашысы – Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы.

– Ұлттығымыздың ұйытқысы төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді ұмытпаумыз керек. Өйткені қалам деген қасиетті. Сөз өркениетті халықты ыдыратып та, біріктіре де алады. Қазіргі жаһандану заманында әртүрлі жағдайлардың болып жатқанын көріп отырмыз. Сондықтан тілімізді, ұлттық руханиятымызды, егемендігімізді сақтап қалу үшін осы салаға ерекше көңіл бөлу керек. Қаламдарыңыздан халықтың рухын оятатын туындылар туа берсін, – деп түйіндеді Ерлан Каналимов.

Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп Республика күнінің мән-маңызына, Егемендік декларациясының қабылдану тарихына тоқталды.

Жиында аға буын да, орта буын да, жас қаламгерлер де марапатталды. Атап айтқанда, Жарылқап Бейсенбайұлы, Серік Негимов, Баянғали Әлімжанұлы, Орынбек Жолдыбай, Құралай Омар және т.б.

Мерекелік шараға арнайы қатысқан көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулет әдебиеттің ел өмірінде алар орнына тоқталып, осыдан 25 жыл бұрын Астанада мұндай әдеби орта болмағанын, қазір бас қала қаламгерлері ормандай жұртқа айналғанын атап өтті. Астана әкімдігінің қолдауымен «Жазушылар үйі» мен «Қаламгерлер» аллеясы ашылғанын айтты. Осы шараның өзі қала әкімдігінің қаламгерлерді қолдау деңгейі жоғары екенін көрсететінін жеткізді.

Биыл Ұлықбек Есдәулет Түрксой ұйымы жанындағы Түркі дүниесі Жазушылар одағының төрағасы болып сайланды. Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов пен Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп ақынды осы лауазымымен құттықтап, қазақы дәстүрмен иығына шапан жапты. Шара мерекелік концертке ұласты.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Астанада Республика күнін мерекелеу аясында ұлттық құндылықтарды насихаттауға және экстремизм мен терроризм идеологиясының алдын алуға бағытталған видеороликтер байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

– Елорданың 25 жылдығы мен Республика күні мерекесіне орайластырылған байқаудың мақсаты деструктивті идеологияларға қарсы иммунитетті қалыптастыру және шығармашылық пен идеялар арқылы халықтың діни сауаттылығын арттыру болатын. Қатысушылар түрлі діни тақырыпта өз жұмысын ұсынды. Жүлделі орындардың иегерлері қазылар алқасының шешімімен олардың конкурс тақырыбына сәйкестігін және ұзақтығы кемінде 30 секундты ескере отырып анықталды, – деді Астана қаласы Діндерді зерттеу орталығының директоры Алмас Ерназаров.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында өтті. Қазылар алқасының шешімі бойынша жүлделі 1-орынды жеңіп алған Диас Балмағамбетовке 1 000 000 теңге сомасына сертификат тапсырылса, 2-орын иегері Нұралы Естаевқа 500 000 теңге сомасына сертификат және 3-орынды иеленген Ілияс Баймолдинге 250 000 теңге сомасына сертификат тапсырылды.

Сонымен қатар байқаудың екі қатысушысы ынталандыру сыйлығы ретінде 10 000 теңге көлемінде ақшалай сертификаттармен марапатталды.

СӘЙГҮЛІКТЕР САЙЫСЫ

Елордада алғаш рет конкурдан республикалық жарыс өтті. Республика күніне орай ұйымдастырылған чемпионатқа еліміздің түкпір-түкпірінен 80-нен аса шабандоз қатысты.

– Бүгінгі доданың осындай маңызды мерекемен тұспатұс келуінің үлкен символдық мәні зор. Жылқы десе жүгенін ала жүгіретін қазақ үшін ат спортының алар орны ерекше. Ата-бабаларымыз тұлпарды ерекше қадірлеген. Конкур спорты қазақ даласына кенжелеп жетсе де, бізге жат емес. Олай дейтініміз, өз заманында атағы алты құрлыққа жайылған хас тұлпар Абсент биіктігі 170 сантиметр кедергіні қиындықсыз бағындырып, үш мәрте Олимпиада жүлдесін алды, – деді Астана қаласының Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясының президенті Ерлан Каналимов.

Ең үздіктер қатарына ену үшін екі күн бойы әртүрлі биіктіктегі 8 санат бойынша бағы мен бабы келіскен 80-ге жуық сәйгүліктер шеберліктерін көрсетті. Ал жекелеген бағыттарға Қырғызстаннан келген шабандоздар қатысты.

«Бас қаламызда олимпиадалық ат спорт түрі – конкур спортын дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға барлық жағдай жасалған. Халқымыздың күрескер рухы, намысқа суарылған мінездері осындай жанкешті сайыстарда шыңдалады. Сексенге жуық жүйріктің ішінде алдына қара салмас шын жүйрік жеңіске жетсін» деп жарыстың алғашқы күнінде Ерлан Каналимов лебізін білдірген еді.

Сондай-ақ жарыста Астана, Алматы, Шымкент және Қарағанды қалаларынан 50-ге жуық шабандоз бақ сынады.

«Қырғызстаннан 2 шабандоз қатысып жатырмыз. Жарыста бәсекелестік деңгейі жоғары. Елорда төріне алғаш келіп тұрғаным жоқ. Бұған дейін 11 жыл бұрын жарысқа келіп едім. Осы аралықта Астана қаласы айтарлықтай өзгеріп, ат спортына да көңіл бөлініпті. Жаңа «Арғымақ» ат спорты кешендеріңіз құтты болсын! Енді далада емес, күн қанша салқын болса да, жабық кешенде жаттығу мүмкіндігі болу керемет көрсеткіш!» деді Қырғызстаннан келген қатысушы Андрей Тряпицын.

Жарыстың жалпы жүлде қоры – 26 миллион теңге. Сайыс қорытындысы бойынша 8 жеңімпаз анықталып, бас жүлде халықаралық дәрежедегі спорт шебері Нұрила Тұрысбековаға берілді. 12 жасынан ат спортымен айналысып келе жатқан спортшы қыз Қазақстан чемпионы атағын иеленді.

Құрметті елорда тұрғындары мен қала қонақтары!

Республика күні 25 қазан

Сіздерді Ұлтымыздың ұлық мерекесі – 25 қазан Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын мереке. Қазіргі шақта Жаңа, Әділетті Қазақстанды құрудың маңызды қадамдары жасалуда. Еліміздің құрылымдық жүйесінде, саяси-экономикалық бағытында жаңғыртулар қолға алынды. Демократиялық үрдістерді орнықтыруға, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бұл өзгерістердің маңызы зор.

Халқымыздың ырыс-ынтымағы мен бірлік-берекесі артып, мемлекетіміздің мерейі үстем болып, еңселі еліміз мәңгі жасай берсін! Ұлттың ұлық мерекесінде баршаңызға игілік тілеймін!

Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Құрметті астаналықтар!

Ұлттық мерекеміз – егемендігіміздің жаршысы болған 25 қазан – Республика күні құтты болсын! Баршаңызды айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

Республика күні – еліміздің игілігі мен баға жетпес құндылығы. Мемлекетіміздің мәйегі, дербестігіміздің дәйегі болған егемендіктің арқасында еліміз толайым табыстарға қол жеткізді.

Береке-бірлік, бейбіт тірлік қалыптастырған мемлекет ретінде әлемге танылдық. Еліміздің халықаралық деңгейде айбыны асып, абыройының тасуы – Тәуелсіздік шапағаты! Қазіргі кезде Әділетті Қазақстанды құру жолында қыруар істер атқарылуда. Еліміздің саяси-экономикалық бағытында жаңғыртулар қолға алынды. Демократиялық үрдістерді дамытуға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бұл өзгерістердің әлеует үшін де маңызы зор. Осының бәрі – Республикамызда жүргізіліп отырған саясаттың нақтылығы мен жасампаздығы.

Ардақты әлеумет! Ұлық мереке Республика күні баршаңыздың отбасыңызға бақ дарып, ырыс ұяласын! Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Зулфухар СҰЛТАНҰЛЫ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

Құрметті астаналықтар, елорда ардагерлері!

Сіздерді еліміздің басты мерекесі – Қазақстан Республикасы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Біздің мемлекетіміздің күші – көпұлтты халқымыздың бірлігі мен өңірлердің мықтылығында! Бүгінгі Қазақстан Республикасы – қуатты және қарқынды дамып келе жатқан ел. Болашаққа нық сеніммен қадам басқан Қазақстанның әлемдік аренадағы абыройы мен беделі жыл сайын артып келеді.

Оның қазіргі барлық жетістігі мен табысы – аға ұрпақ пен олардың жолын сабақтастықпен жалғастырған бүгінгі буынның еселі еңбегі мен берекелі бірлігінің жемісі. Ең бастысы, мәдениет, руханият, ұлттық бірегейлік сынды басты құндылықтарымыз жаңғыруда. Отбасы институты, үлкенге құрмет, отаншылдық қасиеттер сақталуда. Бұл – біздің болашағымыздың мызғымас негіздері.

Бүгінгі мереке күні Сіздердің барлық бастамаларыңызға сәттілік, зор денсаулық, бейбітшілік, отбасыларыңызға амандық, Қазақстан Республикасының одан әрі өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге толайым табыстар тілеймін!

Сансызбай ЕСІЛОВ,
Астана қаласы
Ардагерлер кеңесінің төрағасы

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

Оңалхан ӨНЕРХАН

АСТАНАНЫҢ ӨЗІНДІК ДАМУ ЖОЛЫ БАР

Мемлекет тарапынан елорданың дамуына қашан да ерекше көңіл бөлінетіні белгілі. Президент биыл Астананы дамыту жөнінде бірнеше рет кеңес өткізіп, қаланың кейбір мәселелеріне қатысты сын да айтты, бірқатар тапсырмалар да берді. Жылдар бойы қордаланып қалған мәселелерді шешуде алдымен қай шаруаға басымдық берілуде, жалпы бас қаланы дамытуда қандай қиындықтар бар? Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек «Жібек жолы» телеарнасының «Уәде» бағдарламасына берген сұхбатында баяндады.

– Сіздің қалаға әкім болып тағайындалғаныңызға биыл желтоқсан айында 1 жыл толады. Осы жылдың басында елордада шұғыл шешілуі керек мәселелер бойынша Мемлекет басшысы берген тапсырмалар қалай орындалуда? Жалпы мәселелердің бәрін бір жылда шешу мүмкін бе?

– Расында биыл 8-9 айдың ішінде Президент елорданың даму мәселелері бойынша екі рет үлкен жиын өткізді. Бұл Мемлекет басшысының Астананың дамуына деген ерекше көзқарасын білдіреді. Ол берген тапсырмалар мен міндеттерден бөлек, қала аудандарын аралау барысында да тұрғындарға мәселелерін шешуге уәде берілді. Ең бірінші мәселе, Президент қаңтар айының соңында өткізген жиында үйлерді жылыту жайы сөз болды, бұл ретте қала толық жылумен қамтамасыз етіліп, тапсырма орындалды. Екінші мәселе – қалада жыл жазда болған су тапшылығы. Сол кезде де Мемлекет басшысы Үкімет пен қала әкімдігіне бұл мәселені шешуге тапсырмалар берді. Осыған орай қазір ЖЭО-3 құрылысы бойынша жұмыстар толығымен бітті. Бүгінде қалада су тапшылығы жоқ және атқарылған жұмыстардың арқасында алдағы 5 жылда да бұл мәселе туындамайды.

АСТАНА МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛЕДІ

– Осы мәселелерді шешуде заңнамалық немесе бюрократиялық тұрғыдан әлде Үкіметпен коммуникация жағынан және бюджет бойынша қандай да бір кедергілер бар ма? Себебі Астана қаласының мәртебесі туралы заңға өзгеріс енгізу жөнінде пікірлер айтылуда. Сонымен қатар әкімдік құзыры жетпейтін, Үкіметтік шешімдерді қажет ететін қандай мәселелер бар?

– Жалпы бізде қашан да Үкімет және орталық мемлекеттік органдармен байланыс өте тығыз. Көп проблема қаланың бюджетіне байланысты. Қала өсіп келеді, жылына қалада тұратын азаматтар саны 70 мыңға өседі. Соның ішінде миграция арқылы 40 мың адам келсе, қалғаны демографиялық жолмен көбейеді. Бір жылда Астанада 35 мың бала дүниеге келеді. Бұл – барлық өңір арасында жоғары көрсеткіштердің бірі. Әрине, көбейгеніміз қуантарлық жайт, бірақ сол балалар үшін әлеуметтік инфрақұрылымды жасау да керек. Сол жағынан біз үлгермей келеміз. Қала халқының саны қалай өссе, балабақша, мектеп, аурухана, емханалардың да саны солай көбеюі керек. Бірақ соңғы 15 жылда осы динамика бұзылды. Өмір өзгеруде, сондықтан бәрібір заңнамаларға да өзгеріс керек. Астана қаласының мәртебесі туралы заңға енгізілетін ең көп өзгерістер құрылысқа байланысты. Біз әр апта, ай сайын құрылыстар бойынша, яғни қай құрылыс заңсыз, қайсысында қандай проблемалар бар екенін көрсетіп, халыққа ақпарат беріп отырмыз. Мысалы, жылдың басында 102 тұрғын үй нысанының құжаттары дұрыс болмаса да, құрылыс жүргізгенін анықтадық.

– Халық сіздер берген ақпаратқа қаншалықты мән береді? Мысалы, көп ақпарат берсеңіздер де, сол компаниялармен келісімге тұрған адамдар бар ғой.

– Оны мен түсініп отырмын. Тұрғындар көбіне бұл үйлердің төмен бағасына қызығып барады. Ал сол компания заңды түрде жұмыс істеп отыр ма, оны білмейді. Сондықтан бұл, бір жағынан, әкімдіктің жауапкершілігі. Сондай түрлі құрылыс компанияларымен келісімге отырған азаматтар аз емес. Жалпы Астана қаласы бойынша 300 тұрғын үй салынса, соның үштен бірінің құжаттары толық емес, оның ішінде жер, жобалау құжаттарының дұрыс еместігіне қатысты мәселелер бар. Дегенмен сол компаниялар салып жатқан үйге ақша салған үлескерлердің жайын да ойлау керек. Құрылысты бір күнде тоқтата салуға болмайды. Біз екі жақты да қолдаймыз, сол үйден пәтер алатын тұрғындарды және сол құрылыста жұмыс істеп жүрген азаматтардың жайын да ойлаймыз.

– Құрылыс тоқтап жатқан жоқ, бірақ солардың қасынан әлеуметтік бағыттағы нысандар салу мәселесі күрделене түсуде. Неге біздің қаламызда осындай жүйесіздік бар?

– Көтерген мәселеңіз өте маңызды расында. Қазір балабақша кезегінде тұрған балалардың саны – 50 мың. Осы тапшылықты жою үшін 3-4 жылда кем дегенде 60 балабақша

салуды жоспарлап отырмыз. 2017 жылдан бері әкімдік тарапынан мемлекеттік балабақшалар салынбаған. Осы аралықта тек жекеменшік балабақшалар бой көтерген. Бұл бір жағынан дұрыс, нарық талабы сол, дегенмен халық бәрібір мемлекеттік балабақша сұрап отыр. Себебі әр балаға ай сайын 50-70 мың теңге төлей алатын отбасы көп емес. Сондықтан біз осындай шешімге келдік. Президенттің қолдауымен «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша тек биыл Астана қаласында 24 мектеп құрылысы басталды, келесі жылы күзге таман солардың бәрі іске қосылады. Сосын жемқорлардан түскен қаражат арқылы жұмыс істейтін Арнайы қор бар, ол бойынша Астана қаласында 11 мектеп салынуда. Төртеуі пайдалануға берілді, қалғаны жыл соңына дейін ашылады. Келесі жылы тағы 8 мектеп салуды бастаймыз деп жобалап отырмыз. Жалпы алғанда, біздің есебіміз бойынша келесі жылы қосымша 20 мектеп іске қосылады.

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

– Президент бақылаусыз жүргізіліп жатқан құрылыс қала инфрақұрылымына үлкен салмақ салып отыр деді. Қала басшылығы құрылыс компанияларының пайдасын емес, мемлекет пен азаматтардың мүддесін бәрінен биік қоюы тиіс екенін айтты. Құрылысқа, заңсыз жер беруге байланысты қандай шешімдерді өзгерттіңіз? Заңсыз берілген жерлерді қайтару процесі немесе тоқтатылған құрылыс орындары бар ма?

– Құрылысты тоқтату қиын емес, оны бір күнде тоқтатуға болады. Бірақ өзіңіз білетіндей, ол компаниялармен келісімшартқа отырған азаматтар аз емес, олар бар жиған-тергенін, көп қаражатын сол жерге салды, енді осы жылдың соңына дейін үй мәселесін шешеміз деп үміттеніп отыр. Біздің мақсатымыз – бұл мәселені оңтайлы шешу, сондықтан қазір ол компанияларға көмектесуге мәжбүрміз, 100-ден астамын тоқтаттық, оларға 3-4 ай уақыт беріп, құжаттарын дұрыстауға көмектестік. Енді олар қалайда сол құрылысты жалғастырып бітіруі керек. Ең бастысы, қаржы салған азаматтарға пәтер кілттерін беру болып отыр. Әкімдік екі ортада тұр. Бір жағынан, бұл құрылыс компаниялары қалаға 100 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындарын береді, соны сақтау керек. Жалпы қазіргі таңда қалаға тартылған инвестициялардың жартысы – құрылыс саласында. Оның ішінде тек тұрғын үй құрылысы ғана емес, көлік инфрақұрылымы, өнеркәсіп т.б. салалар бар. Екінші жағынан – үлескерлер мәселесі. Сондықтан екі жақты да түсініп, екеуіне де көмек береміз.

– Бұдан былай жеке тұрғын үй салуға рұқсат беру қиындай ма?

– Өте қиын болады. Мемлекеттік сараптама болмаса да, жер беру мәселесі толығымен шешілмесе де, олар бастай алмайды. Мысалы, бұған дейін қалада ескі гараждар, бұрынғы саяжайлар бар, сол жерді үлкен компаниялар сатып алып, құрылыс бастаған. Олардың ішінде кейде гараждардың бәрін сатып алмай, тек 5 пайызын ғана сатып алып, қалғанын әлі алмаса да бағасымен келіспей, құрылысты бастап кеткендері кездеседі. Бұл дұрыс емес және заңды емес. Біз ол үйді заңды түрде қабылдай алмаймыз. Алайда қала тұрғындары бәрін көріп отыр, «үй бітті, құрылыс бітті, неге үйге кірмейміз, неге кілт бермейді?» дейді, мұндай проблемалар көп. 1991 жылдары «Жилье-91» деген бағдарлама болған, сол кезде Қазақстан бойынша 6 млн шаршы метр тұрғын үй салынатын. Қазір бір қаланың өзінде 11 млн шаршы метр үй салынып отыр. Алдағы уақытта жоспарға сай жылына тек 3-3,5 млн шаршы метр тұрғын үйді ғана қабылдаймыз. Бұл көлемге қазіргі салынып жатқан инфрақұрылым саны да сәйкес келеді.

– Сарапшылардың пікірінше, Астана қаласының бұрынғы Бас жоспары дұрыс жасалмаған. Мұны Президент те айтты. Қай кезде, қай жерден қателік кетті?

– Ондай пікір бар, бірақ әлемдегі мысалдарды алсақ, Шанхайда соншама адам болады деп кім ойлаған? Мехикода, Лондонда, Мәскеуде де солай болған. Кез келген астана халқы көбейеді, бірақ ол динамикаға дамыған елдердің өзі үлгермей жатыр. Сондықтан біздер Бас жоспарға үлкен өзгерістер енгізіп отырмыз.

ЖЫЛУ МЕН СУ ТАРИФІ ӨСЕ МЕ?

– Мамандар Жылу электр орталықтарын көмірден газға ауыстыру жылу тарифтерінің бірнеше есеге қымбаттауына әкеледі деген пікірде. Ол қаншалықты қымбаттайды? Қазір қыста үйлердің көбі ыстық, бұл жылуды үнемдеудің жоқтығын көрсетеді. Сіздерде үнемдеу механизмі бар ма? Егер газға өтсе, расымен тариф қымбаттай ма?

– Бұл – өте маңызды мәселе. Бізде Кеңес Одағынан бастап үйреніп қалған нәрсе бар, біз үшін үй қатты ыстық болып тұру керек. Жалпы норматив бойынша үйдегі жылу температурасы аз дегенде 22 градус болады. Ал шетелдерде ондай норматив жоқ, ол жақта 15-18 градус болады және оны ешкім көтермейді. Бізде тіпті судың нормативі әр адамға 250 литрден келеді, Еуропада бұл көрсеткіш – 150 литр. Қазір қалада осы нормативті 150 литрге дейін түсіріп, әрі қарай одан көбірек пайдаланса, басқа тарифпен төлеу туралы мәселе талқыланып жатыр. Оны дифференцияланған тариф дейді. Болашақта бәрібір соған келеміз. Соған дайындалуымыз керек. Астана қалалық мәслихаты және жалпы әкімдік бұл мәселемен айналысуда және келесі жылы қала тұрғындарына осындай ұсыныспен шығып, бұл мәселені ортақ талқыға саламыз. Су үнемделетін болса, тариф бағасы да төмен болады. Көп пайдалансаң, суды артығымен ағызсаң, онда тариф басқаша болуы керек. Жалпы әлемде солай, біз де соған келеміз.

СУДАН ТАПШЫЛЫҚ БОЛМАЙДЫ

– Астана тұрғындары су мәселесінде жалғыз Астана су қоймасына тәуелді болып отыр. Тұрғындар саны көбеюде дедіңіз, соған қарай күн сайын бір жаңа нысан пайдалануға беріліп жатады, Астананы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесін қалай шешесіз?

– Биыл біз 100-ге жуық жаңа тұрғын үйді пайдалануға береміз деп жоспарлап отырмыз, жалпы қалада 3 күнде бір үй қолданысқа беріліп отыр. Қазір

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

қалада су тапшылығы мәселесі жоқ. Шілденің басында қалаға Астана су арнасынан қосымша құбыр тартып, ол жұмысты бітірдік. Жаңа су құбыры қалаға қосымша 90 мың текше метр су береді. Осылайша орын алған су тапшылығы толығымен жабылды. Сосын жаңа сорғы сүзгі стансасының құрылысы да бітті. Ол қалаға қосымша берілетін судың 105 мың текше метрін тазартуға дайын. Станса іске қосылғанымен, өзінің толық күшінде жұмыс істеп тұрған жоқ, себебі су тапшылығы шешілген. Бұл жұмыстардың бәрі алдағы 5 жылға резерв береді, ал одан әрі қарай су тапшылығы болмауы үшін басқа су көздерін қарастыру керек. Сол үшін қазір 2 жоба сараптамадан өтті. Біреуі – Нұра-Жем арасындағы су қоймасы. Ол Қорғалжын жақ бағытында қаладан 50 шақырымдай жерде орналасқан, күніне 50 мыңдай текше метр ғана су береді, бұл, шамамен, 200-300 мың адамды қамтитын көлем. Жалпы су тапшылығын 20-30 жылға шешу үшін қалаға Қ.Сәтбаев атындағы каналдан су тарту жобасын қазір Үкімет бастады. Бір жылдың ішінде жобасы дайын болса, 2025 жылы құрылысына кіріседі. 2027 жылға қарай салынып бітсе, қалада алдағы 30-40 жылда су тапшылығы мәселесі болмайды.

КЕПТЕЛІС МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕ МЕ?

– Қалада қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – көлік кептелісі, мұны осыдан 2-3 жыл бұрын аса қатты сезбейтін едік. Тұрғын үйлер көбейген сайын бұл кептеліс үлкеюі мүмкін. Кейбір сарапшылардың пікірінше, елорда кептелісте қалатын Алматының тағдырын қайталауы ғажап емес. Көліктер кептелісі мәселесін шешуде қандай жоспар бар?

– Жаңа Бас жоспар бойынша қаланың орталығында енді үлкен нысандар салынбайды. Президенттің тапсырмасына сәйкес қалада тұрғын үйдің құрылысы, негізінен, үш жерде дамиды. Ол – «Мыңжылдықтар» аллеясы бойында, яғни Қаллеки театры мен «Нұрлы жол» теміржол вокзалы аралығында 2 жарым млн шаршы метр үй салынады. Құрылыстың тағы бір көп көлемі – Жағалау жақта, яғни Тұран көшесінен әрі батыс жаққа қарай және Тельман елді мекені жақ бағытында дамиды. Осы үш жерде құрылыс жүреді. Есіл ауданындағы орталықта құрылыс азаяды. Соған қоса айналма жолдар салынады, сол арқылы Ш.Айтматов пен Ұлы дала көшелері қосылады. Ол да үлкен көмек болады. Сосын осы бір ай ішінде үлкен бір көпірді іске қосайын деп отырмыз, ол – Тәуелсіздік көшесін жалғайтын, қаланың екі жағын қосатын көпір. Біздің жоспар бойынша әр 2 жылда бір көпір салу көзделуде. Басқаша бұл проблема шешілмейді.

– Астанада жаяу жүргіншілер жағдайы ойластырылмаған деген пікірлер де бар. Мысалы, арбаға таңылған жандардың өз бетінше қалада жүруі үшін қолайсыздықтар көп. Бұл мәселе сіздің күн тәртібіңізде бар ма?

– Бұл – ең басты мәселелердің бірі. Биыл қалада абаттандыру және көгалдандыру бюджеті 2-3 есе көбейтілді. Мәңгілік ел және Сәтбаев көшелері бойында жаңа сквелрлер пайда болды. Жалпы қарапайым тұрғындарға арналған жұмыстар көбейтілуде. Одан бөлек, автобустар санын арттырдық. Биыл әкімдік автопаркіне 100-ден астам жаңа автобус әкелінді. Осы айда қосымша тағы 100 автобус әкелінсе, жылдың соңына дейін жалпы автопаркке 350-дей автобус алынады.

– Елорда жайын айтқанда ЛРТ құрылысына тоқталмай кетуге болмайды. Оның құрылысы қай жылы салынып бітеді?

– 2 жыл ішінде толығымен аяқталады деп жоспарлап отырмыз. Қаражат жағынан үкімет көмегін беріп отыр. Себебі қала жалғыз бұл мәселені шеше алмайды. Сондықтан қаражат жоспар бойынша берілетін болса, 2 жылда бітеді.

– Бізде қоғамдық көліктер мен олардың жүргізушілерінің жетіспеушілігі және жүргізушілердің кәсібилігіне қатысты мәселелер бар. Бұл мәселелер қалай шешіледі?

– Қазақстанда қытайлық компаниялармен бірлесе жасалған жаңа автобустарды алып, паркті жаңартып жатқанымызды айттым. Келесі мәселе – жүргізушілер тапшылығы, расында ондай проблема бар. Бүгінде олардың айлығы кем дегенде 500 мың теңгеден басталады. Бірақ жұмысы да оңай емес, сондықтан болар, кадр тапшылығы туындап отыр. Бірақ дәл қазір бұл тапшылық жылдың басымен салыстырғанда 2 есе төмендеді.

КІМГЕ ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕЙДІ?

– Астана қай қалаларға қарап бой түзейді?

– Әрбір қаланың өзіне тән ерекшеліктері болады. Астананың да сондай ерекшеліктері аз емес, оны басқамен салыстыру мен үшін қиын. Бір ай бұрын әріптесім Сингапурда болған бір конференцияның видеосын жіберген. Сол кезде Индонезияның өкілдері баяндама жасап, жаңа астанасын салуда Астананы үлгі ретінде алғанын айтқан. Астананың өзінің даму жолы бар. Бүгінгі мәселелер шешіледі. Болашақта астана басқа елдерге үлгі болады.

– Алматыда сауда-саттық пен қаржы жағы жақсы дамыған, ол шаһарды шағын және орта бизнес қаласы дейміз. Астана қаласы Алматының даму жоспарымен таныс па, екі арада жақсы бағыттағы бәсекелестік бар ма немесе Алматының ірі кәсіпкерлері Астанаға келуі үшін қандай да бір шаралар ұйымдастырыла ма?

– Ондай бәсекелестік бізде жоқ. Бірақ басқа өңірлерде, соның ішінде Алматыда не болып жатқанын біз жақсы білеміз. Мысалы, дұрыс нәтижелі жоба болса, оны Астанада жасауға бола ма деп міндетті түрде қарастырамыз. Бізде неге жасамасқа деп зерттейміз. Анкара сияқты басқа шетелдік қалалардың да тәжірибесін қарап отырмыз. Оларда басында 30-40 жыл құрылыс инвестиция тартатын негізгі сала болатын. Сосын барып басқа салаларына инвестиция көбейді. Елордада да оң өзгерістер көп. Туристер саны да артып келеді.

ҚАЛА МӘДЕНИЕТІН ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ?

– Тәжікстанның азық-түлік жәрмеңкесі өткен кезде елорда тұрғындары өзінің мәдениетінің төмендігін көрсетіп қойды. Жалпы қала мәдениеті дегенде түрлі концерттер өткізуден басқа, елордалықтардың мәдениетін көтеруде қандай жұмыстар жүргізіледі? Астаналық деген сипаттағы адам қандай болуы керек?

– Бұл, бір жағынан, ұятты оқиға, екінші жағынан, бізге сабақ болды. Менің ойымша, бұл – жаңа қаланың проблемасы, болашақта ондай мәселелер болмауы қажет. Астанада мәдениетті сақтау ерекше маңызды деп есептеймін. Елорда өзгелерге барлық жағынан үлгі болуы керек. Тіпті кейбір қоғамдық тәртіпті бұзу фактілері сабақ ретінде қабылдануы тиіс. Мәселен, Қ.Сәтбаев көшесінде абаттандыру жұмыстарын кеше ғана бітірдік, бүгін қарасақ, бірдеңесін сындырып үлгеріпті. Құқық бұзушымен қоғам болып күресуіміз керек. Ондай әрекеттермен күресу – біздің әрбіріміздің міндетіміз. Мәдениеттілікті балабақшадан, мектептен және үйден бастау қажет. Осы ретте жағымды жайттар да болып жатыр. Елорданың еріктілері тұрғындармен бірге Солтүстік Ирландиямен өткен матчтан кейін «Астана Арена» стадионындағы қоқыстарды жинап, мәдениеттілік танытқан. Қаламызда білім және мәдениет мәселелеріне басымдық берілген. Бұл туралы Мемлекет басшысы бір емес, бірнеше рет айтты. Жалпы, елорда әкімдігінің жұмысындағы маңызды бағыттарға бұзақылықпен күрес, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, қаланы абаттандыру да жатады. Осы орайда келесі жылы Сергек камераларын 10 мыңға көбейту жоспарда тұр. Өзге де іс-шаралар мен акциялар көп өткізіледі. Жалпы проблемалар аз емес, дегенмен бізді Президент те, Үкімет те қолдауда. Ал біздің міндетіміз – берілген тапсырмаларды дұрыс әрі жүйелі түрде атқарып, берген уәдені орындау.

Дайындаған
Райхан РАХМЕТОВА

ҚАЗІР БІР ҚАЛАНЫҢ ӨЗІНДЕ 11 МЛН ШАРШЫ МЕТР ҮЙ САЛЫНЫП ОТЫР. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ЖОСПАРҒА САЙ ЖЫЛЫНА ТЕК 3-3,5 МЛН ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙДІ ҒАНА ҚАБЫЛДАЙМЫЗ

ЖЕҢІМПАЗДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Қала әкімі Жеңіс Қасымбек XIX Жазғы Азия ойындарының жеңімпаздарымен кездесіп, оларды осы жарыстағы жүлделерімен құттықтады.

– Елорданың спортшылары 10 медаль жеңіп алды: 1 алтын, 3 күміс және 6 қола. Спортшыларымыз қайсарлығының, табандылығының арқасында жақсы нәтиже көрсетті. Әрбір медальдің артында тоқтаусыз жаттығулар, жеңіске деген жігер, отбасының, жанкүйерлері мен жаттықтырушыларының қолдауы жатыр. Сіздер – елордамыздың ғана емес, бүкіл еліміздің мақтанышы болып есептелесіздер. Жеңістеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Алда әлі талай жарыс күтіп тұр, ең бастысы, Парижде өтетін Олимпиада бар. Спорт командаларымыздың бәсекеге қабілетін арттыру үшін кешенді жұмыс жүргізуіміз керек, – деді әкім кездесу барысында.

Әйелдер күресінен әлемнің екі дүркін күміс жүлдегері, Азия ойындарының күміс жүлдегері Жәмила Бақбергеноваға бір бөлмелі пәтер кілті табысталды.

Жеңімпаз жастармен кездесу де спорт нысандарын дайындау, жабдықтау, спортшылар мен жаттықтырушыларды ынталандыру мәселелері де сөз болды.

Жалпы жазғы Азия ойындарында Қазақстан спортшылары 10 алтын, 22 күміс, 48 қола медаль жеңіп алды. Соның ішінде ұлттық құрама сапында ел намысын қорғаған астаналық спортшылар 10 медаль еншіледі. Бүгінгі таңда елордалық спортшылар 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиада ойындарына берілетін лицензиялық жарыстарға қызу дайындық жүргізіп жатыр.

ЖАС КҮЙШІЛЕР ЖАРЫСЫ

Музыкалық жас көрермен театрында Дина Нұрпейісова атындағы «Астана – күй қанатында» атты домбырашы-күйшілердің I қалалық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Аталмыш байқауды Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Күй анасы» республикалық қоры ұйымдастырды.

Шараны Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов ашып, күй өнерінің, домбыраның қазақ өмірінде алатын орнына тоқталды. Жеңімпаздар екі жас тобы бойынша анықталды. 14-18 жастағылар арасында үшінші орынды Қасиет Райымов, екінші орынды Жансая Шерғалиева, бірінші орынды Мұхаммедәли Толабек, ал бас жүлдені Бекнұр Әбдіжәли иеленді. 19-35 жастағылар ішінде үшінші орынды Амантай Ашықбай, екінші орынды Ақтілек Дәулетова, бірінші орынды Сағи Баймұхат, Гран-приді Қазақ ұлттық өнер университетінің магистранты Мұқағали Әмірханов жеңіп алды.

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

Өмірхан АЛТЫН,
«EUROPEAN KAZAKH FORUM» ұйымы төрағасы:

ӘР ҚАЗАҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІЛЕУІН ТІЛЕЙДІ

– Әрбір қазақ қайда жүрсе де, ең алдымен, сөзсіз тарихи отаны Қазақстанның тілеуін тілейді.

Қазір әлемнің 40-тан аса елінде 10 миллион шамасында қандасымыз тұрып жатыр. Мен де атажұртымнан алыс жүрсем де, әлемдегі барша қазақ баласының жалғыз отаны, мақтаныш тұтар мерейлі мемлекеті тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тілеуін тілеп жүретін қазақтың бірімін.

Қазақстан тәуелсіздік алғалы шетелдегі қазақтар да 16 желтоқсанды ұлық мереке ретінде әртүрлі деңгейде атап өтіп келеді. Дегенмен көкейде «Желтоқсан уақиғасына» байланысты «16 желтоқсан тойлайтын күн бе, жоқ әлде азаттық жолында арпалысып жанын қиған боздақтарға дұға бағыштап, тәуба деп тәу етер күніміз бе?» деген түйткілді сұрақ тұратыны рас еді. Өткен жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнін қайтарып, еліміздің басты мейрамы деп жариялады. Бұл орынды шешім болды. Өз басым Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануы – біздің тәуелсіздік алуға жасаған алғашқы қадамымыз деп білемін. Яғни Республика күні – жүздеген жыл бойы үзілмей жалғасып келе жатқан мемлекеттік дәстүрдің қайта салтанат құрған, ғасырлардан бастау алатын тәуелсіз отанымыздың қайта жаңғырған күні. Ал Тәуелсіздік күні – бодандық қамытын киген 70 жылда қолға тиген азаттықтың айғағы. Республика күнін атап өту арқылы сонау мыңжылдықтардан бастау алатын елдігімізді, мемлекеттігімізді, бостандық жолында бастарын бәйгеге тіккен батыр ата-бабаларымыздың, Абайдың аңсағанын, Кенесарының көксегенін, жат жұрттықтар қолында қалып қойған миллиондаған қандастарымыздың ақиқатқа айналған арманын ұлықтаймыз. Негізі біз үшін екі мереке де айрықша маңызға ие десек болады.

Жалпы шетелде күн кешіп жатса да, әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай тараған күллі қазақ баласы атамекеніміз – тәуелсіз Қазақстанға тақымын қысып, әр уақыт тілеуін тілеп отырады. Жетістіктеріне қанша қуансақ, әрине, әсіресе ұлттық мүдде тұрғысынан келеңсіздіктеріне де соншама қынжыламыз. Желтоқсанның ызғары бізді де тоңдырып, қаңтардың қасіреті бізді де қалтыратады. Сондықтан мен күллі қазақты Республика күнімен құттықтай отырып, қазақ халқына, қазақ еліне амандық тілеймін. Қаңтар қасіреті енді қайталанбасын, қазақтың қаны ешқашан төгілмесін! Иісі қазақ баласының Аллаға алақан жайып жасайтын ең үлкен дұғасы осы десек жаңылмаймыз.

Қасиетті қазақ елінің ұлық мерекесі баршаларыңызға құтты болсын, ағайын!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

XX ғасырдың 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында қоғамда екі ірі оқиға орын алып, қазақ халқы ұлт ретінде оянып, рухани серпілді. Бірінші оқиға 1989 жылы 22 қыркүйекте «Тіл туралы» заң қабылданып, онда қазақ тілі – мемлекеттік тіл деп тайға таңба басқандай көрсетілді. Екінші оқиға 1990 жылы 25 қазанда Егемендік декларациясы қабылданып, тәуелсіз мемлекет қалыптасуының алғашқы қадамы, бастау жолы қаланды. Біз екіншісінің маңызына кеңірек тоқталып, сол кездегі ахуалды сөз етеміз.



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫ

Сұлтан Сартаевтың жетекшілігімен білікті заңгерлер Зинаида Федотова, Николай Акуев, Тілеухан Қабдрахманов Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларациясын дайындауға атсалысты. «Республика – егеменді мемлекет. Қазақ ССР-і Одақтан еркін шығу правосын өзінде сақтап қалады» деп басталатын құжат 17 баптан тұрады. Декларация егемендік мәртебесін жариялап, елдің территориялық аумағы бөлінбейтіні, қол сұғылмайтыны көрсетілді. Ал мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып бөлінді. Сондай-ақ құжатта адам құқықтары мен бостандығы толық қамтылып, еркін тұлға қалыптастыру идеясы көрініс тапты. Бастысы, ұлт ретінде даму жолын таңдап, мәдени, діни ерекшелікті сақтап, өз тағдырын өзі шешу құқығы бекітілді».

Бұл құжаттың маңызды сипаты Қазақстан халқының биліктілік ой-мақсатының енгізілуі болып табылады. Қазақ КСР Конституциясы өкілді органдар арқылы және Қазақ ССР өздігінен жүзеге асыратын, дәл Қазақстан халқы, оның азаматтары (олардың ұлттық ерекшелігіне тәуелсіз) – Қазақ КСР мемлекеттік билігінің егемендігінің қайнар көзі болып табылады. Декларация ерекшелігі – мемлекеттің әлеуметтік негізін анықтауда таптық тіл табысудан бас тартуында болды. Республика территориясында тұратын азаматтарға, олардың ұлттық және партиялық айырмашылықтарына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, діні мен жынысына, мекенжайына, кәсіп түріне қарамастан, КСРО Конституциясы мен Қазақ КСР Конституциясында қарастырылған барлық құқықтар мен еркіндіктер кепілдендірілді. Осы ретте азаматтық және ұлттық теңдікке қол сұғушылық заң бұзушылық болып жарияланды. Құжатта Қазақстанның халықаралық құқық субъектілігін жүзеге асыру қажеттілігін бекітетін жағдайлар мазмұндалды. Сол арқылы Қазақстан, «Қазақ КСР-дың мемлекеттік егемендігі жайлы декларацияға» сәйкес, халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде әрекет ету, сыртқы саясатты анықтау және сыртқы экономикалық іскерлік сұрақтарын өзі шешу құқығына ие болды.

«Отандық тарихымызда алғаш рет елді дамыту мақсатында демократиялық құқықтық мемлекет құру жайы айтылды, сол арқылы азаматтық қоғам құруға негіз қаланды. Социалистік республиканың нормативтік заң актісінде алғаш рет мемлекет негіздерін анықтауда таптық тәсіл болмады және «жұмысшылар», «шаруалар», «интеллигенция» ұғымдары да кездеспеді.

Декларацияда Қазақ КСР мемлекеттік билігінің бастауы және егемендіктің жалғыз иесі Қазақстан халқы деп мәлімделді. Ал Қазақстан халқын республикадағы барлық ұлт азаматтары құрады.

Тарихи құжатта республиканың барлық азаматтарының лайықты және тең дәрежеде өмір сүруге талпынысы көрініс тапқан, экологиялық қауіп көздері болатын нысандар қызметі мен жұмысына тыйым салатын экологиялық қауіпсіздік қағидаттары да енгізілген.

Декларацияда Қазақ КСР-нің ең маңызды міндеттерінің бірі – ұлттық мемлекеттілікті нығайту және қорғау, сақтау, қазақ халқы мен Қазақстанда тұратын өзге де ұлттардың ұлттық құндылықтарын нығайту және өзіндік мәдениеті мен дәстүрін, тілін жаңғырту және дамыту деп бекітілді.

Қазақ КСР аумағы бөлінбейді, оған қол сұғылмайды және елдің келісімінсіз оны ешкім де пайдалана алмайды деп көрсетілді». Аталмыш декларацияда алғаш рет мемлекеттік биліктің ұлықтылығы, оның дербестігі мен республика ішінде толықтығы, сонымен қатар сыртқы қатынастарда республиканың егемендік құқығын бұзатын КСР Одағы жоғары органдары акті қимылдарын өз аумағында тоқтатуға құқылы екендігі бекітілді. Мемлекеттік билікті заң, орындаушы және сот деп бөлу қағидаттары жарияланды. Қазақ КСР Президенті Республика басшысы болады және жоғары өкілетті атқарушы билікке ие болды. Заң билігін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырды, ал сот билігі Қазақ КСР Жоғарғы сотына тиесілі болды. «Бұл құжат бойынша Қазақстан елі халықаралық қатынастарда дербес толыққанды объект ретінде сыртқы саясатта өзінің мүдделерін айқындап, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға мүмкіндік алды. Республиканың саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрылысына, оның әкімшілік-аумақтық құрылысына байланысты мәселелер ешкімнің араласуынсыз дербес шешілетіні жарияланды.

Президент – Республиканың басшысы, ең жоғарғы әкімшілік-атқарушылық биліктің иесі ретінде танылды. Жер, оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар, халықтың мәдени және тарихи қазыналары, бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалық әлеует Республика егемендігінің негізін құрай отырып, оның ерекше меншігінде болатыны көрсетілді. Декларацияда: «Қазақ КСР-і Республика үлесіне сәйкес жалпыодақтық мүліктегі, оның ішінде алмаз, валюта қорлары мен алтын қорындағы өз үлесіне құқылы, республика аумағында ядролық қарудың сыналуына, жаппай қырып-жоятын қарудың өзге түрлері үшін сынақ полигондарын салуға және олардың жұмыс істеуіне тыйым салынады» деп жазылды. Декларация бойынша Қазақ КСР-іне өз ішкі әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын ұстауға құқық берілді. Мемлекеттік егемендік туралы құжат республиканың егемендігін баянды еткен тұңғыш заңнамалық акт болды. Декларациядағы бағдарлама негізінде 1991 ж. 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылданды.

Сонымен, Мемлекеттік Егемендік декларациясы – егемендікті білдіретін құр мәлімдеме ғана емес, шын мәнінде, заңдық күшке ие маңызды құжат болып табылады. 1991 ж. 10 желтоқсанда Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы» «Қазақстан Республикасы» деп өзгертілді. Ал 16 желтоқсанда 7-сессияда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды».

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы айтулы мерекемен халыққа жолдаған құттықтау сөзін келесі сөздермен жалғады: «Бұл – қазақтың сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүрі жаңғырған күн. Бұл – бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күн. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат тәуелсіздігіміздің саяси-құқықтық негізін қалыптастырды. Бір сөзбен айтсақ, декларация – еліміздің тәуелсіздік алуына жол ашқан ақжолтай құжат.

> Шын мәнінде, егемендікке бастайтын қасиетті жолды халқымыз ұзақ жылдар бойы жүріп өтті. Ел ағалары және зиялылар ұлттың санасын сақтау үшін қолынан келгеннің бәрін жасады. Елдің рухын көтеретін астарлы көркем шығармалар жарық көрді. Ұлтымыздың азаттыққа деген ұмтылысы Желтоқсан оқиғасы кезінде айқын көрінді. «Егемендік Декларациясын» халықтың жан-жақты және ұзақ жылғы күресінің нәтижесі деуге болады

«Қазақта «Егемен болмай, ел болмас» деген терең мағыналы сөз бар. Кейде «Азаттық Қазақстанға кездейсоқ бұйырды, еліміз тәуелсіздігін ең соңғы болып жариялады» деген біржақты, үстірт тұжырымдар айтылып қалатыны жасырын емес. Бұл – сол кездегі жағдайды дұрыс бағамдай алмаған адамдардың сөзі.

Шын мәнінде, егемендікке бастайтын қасиетті жолды халқымыз ұзақ жылдар бойы жүріп өтті. Ел ағалары және зиялылар ұлттың санасын сақтау үшін қолынан келгеннің бәрін жасады. Елдің рухын көтеретін астарлы көркем шығармалар жарық көрді. Ұлтымыздың азаттыққа деген ұмтылысы Желтоқсан оқиғасы кезінде айқын көрінді. «Егемендік декларациясын» халықтың жан-жақты және ұзақ жылғы күресінің нәтижесі деуге болады. Әрине, мұндай қадамға бару оңай болған жоқ. Еліміздің сол кездегі саяси-әлеуметтік және демографиялық ахуалы тұрғысынан қарасақ, бұл өте батыл әрекет болатын. «Егемендік декларациясы» – тәуекел мен дипломатияның, ақыл мен сабырдың жемісі. Осы тарихи құжаттың әсері көп ұзамай байқала бастады. Біз қоғамның іргетасын жаңартып, жаңа белестерге ұмтылдық. Қазақстан қиын өткелден өтіп, іргелі ел болуға бағыт ұстады» деді Мемлекет басшысы.

«Мен Ұлытауда өткен алқалы жиында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсындым. Оны Қазақстанның басты мейрамы ретінде атап өту туралы бастама көтердім. Бұл бастама халықтың кең қолдауына ие болып, тиісті заңға өзгеріс енгізілді. Былтырдан бастап Республика күні – ұлттық мереке. Енді бұл мейрамды күллі ел болып жаңа мазмұнда атап өтетін боламыз. Қайта жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам. Сондықтан, осы мерейлі күн азаматтарымыздың өзара түсіністігін, тұтас ұлтымыздың еркін өмірге және дербес дамуға ұмтылысын паш ететін мереке болмақ.

«Республика» сөзі латын тілінде «ортақ іс» деген мағына беретіні баршамызға белгілі. Бір сөзбен айтқанда, республика өз ісіне жауапты азаматтардың ортақ іс-әрекетінің арқасында құрылады. Өйткені азаматтар – мемлекеттің арқауы. Азаматтары болмаса, мемлекет те болмайды» деп түйіндеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

1991 жылдың 16 желтоқсанында – «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Осы сәттен бастап, республика өз аумағында барлық билікті жүргізетін, ішкі және сыртқы саясатын өзі анықтап, өзі жүргізетін тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет құзіретін заңды тұрғыда рәсімдеді. Бұл заңды көпұлтты бүкіл Қазақстан халқы күткен еді. Бұл сан жылдар бойы тәуелсіздік үшін күресіп келген жүздеген ұрпақтың арман-мүддесінің орындалуы еді. Осы тәуелсіздіктің нәтижесінде біздің республика БҰҰ-ға мүшелікке өтуге, өз еркімен халықаралық аренаға шығуға, басқаның нұсқауы бойынша емес, өз еркімен өркениетті түрде болашаққа қадам жасауға құқылы болды. Әрбір қазақстандық өз өнері мен қабілетін туған республикасына беруі керек, халықтың өмір сүру деңгейі көтеретін нарықтық экономикаға тезірек өтуге ықпалын тигізуі керек. Тәуелсіздік, егемендік статусты республика халықтарына жаңа Конституцияны жасаумен байланысты сұрақтарға, азаматтық және миграциялық процестердің мәселелеріне жаңаша көзқарастың орнығуына мүмкіндік берді. Қазақ халқы тәуелсіздікке дейін ұзақ та қиын жолдан өтті. 1986 жылы желтоқсан айында тоталитарлық жүйенің орталығына қарсы наразылық білдіруге шыққан жастардың арманы да осы болатын. Осылай республиканың тәуелсіз ел болуына елдегі демократиялық бағыт себеп болды. Ал декларативті интернационализммен емес, ақиқаттығымен ерешеленетін мұндай мемлекетте қазақ халқы өзінің ұлттық тілін, мәдениетін, дәстүрін сақтап қала алады».

1990 жылғы 25 қазандағы «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы» декларация 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңымен теңдей жаңа тәуелсіз мемлекеттің конституциялық-құқықтық іргетасын қалады және Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін рәсімдеу жолындағы негіз болатын заң актісі болды».

Сонымен, егемендік туралы декларациясын ұлттық құндылықтарды айқындауда, қажетті заңдар жиынтығын анықтап алуда маңызды рөл атқарып, тәуелсіздік жолындағы тарихи қадам болды деп қорытындылауға болады.

Тілеген САДЫҚОВ,
тарих ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры

АЗАТТЫҚҚА НЕГІЗ БОЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ

XX ғасырдың 80-жылдары КСРО-да қалыптасқан экономикалық дағдарыс 90-жылдары саяси дағдарысқа ұласып, Балтық елдері іргесін бөліп, тәуелсіздігін жариялады. Осы кезеңде қазақ қоғамында тарихи оқиғалар орын алды. Сондай ерлікті Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің XII шақырымдағы депутаттары атқарды. Рас, интеллектуалдық деңгейі жоғары, жан-жақты білімді, тәжірибесі толысқан депутаттық корпус тәуелсіздіктің бастауында тұр. Олар Егемендік декларациясы қабылдайтын жауапты жиында сағаттап пікірталасқа барып, талдау-талқылаудың арқасында маңызды құжаттар қабылдады.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

ҚАЙТА ҚҰРЫЛУ КЕЗЕҢІ

Империяны сақтап қалу үшін Одақ басшылары түрлі ай-ла-амалға барып, жариялылық пен ашықтықты ұсынып, 1990 жылдың наурыз айында Бүкілодақтық референдум жариялап, «КСРО-ны тең құқықты егемен республикалардың жаңарған федерациясы түрінде жақтайсыз ба?» деген сұрақты шығарады. Оған Одақ халқы жақтап, дауыс береді. Сөйтіп, 1990 жылдың 26 мамырында Грузия, 12 маусымда Ресей, 20 маусымда Өзбекстан, 23 маусымда Молдова, 16 шілдеде Украина, 27 шілдеде Беларусь, 22 тамызда Түркменстан, 24 тамызда Тәжікстан Егемендік туралы декларация қабылдап, КСРО-мен бірге болатынын, алайда қалаған уақытта бөлек шығатынын жариялады. Осы жылдың 25 қазанында Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаттары тарихи құжатты қабылдады.

Кеңестік жүйеде халық қалаулысына шопан, механизатор, құрылысшы, шахтер және тағы басқа еңбек адамдарына басымдық беріліп келсе, 1990 жылғы сайлауда ғалымдар мен жазушылар, өнер және мәдениет саласының белді өкілдері сайланып, жан-жақты іріктеуден өткен депутаттардан жасақталды. Сөйтіп, өтпелі кезең, өлара шақта депутаттық корпус Тәуелсіздік алуда қызмет етті. Тарқатып айтар болсақ, 1990 жылы сәуірде «Қазақ КСР Президенті туралы» Заңы, 1990 жылы 25 қазанда Егемендік декларациясы, 1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақ КСР-ін Қазақстан Республикасы деп атау туралы Заңы, 1991 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіздік декларациясы, 1992 жылы 4 маусымда Мемлекеттік рәміз туралы заңын қабылдады. Осылардың ішінде ең ауқымдысы, ең күрделісі, ең қиыны – Егемендік декларациясы еді.

– XII шақырылған Жоғарғы Кеңесте 360 депутат сайланды. Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданынан сайландым. Бұл жолғы Жоғарғы Кеңестің ерекшелігі – депутаттар тұңғыш рет баламалы сайлау арқылы сайлаушылардың аманатын арқалады. Екіншіден, депутаттардың 30 пайызы алғаш рет жалақы алып, тұрақты түрде жұмыс істеп, Үкіметпен бірге заң жобаларын дайындады. Бұған дейін күзде 2 ай, көктемде 2 ай сессияға келіп жұмыс істейтін. Кеңестің алғашқы сессиясы 1990 жылдың сәуір-мамыр айында өтіп, онда Президентті сайлап алдық. Сосын 15 қазанда басталып, сол кездегі төрағамыз Ерік Асанбаев декларацияның негізгі жобасы туралы баяндама оқып, күзгі сессияны ашты, – деді сол кезде депутат болған **Жигули Дайрабаев.**

ТАЛАС-ТАРТЫСПЕН ҚАБЫЛДАНДЫ

15-16 қазанда заң жобасы қызу талқыға түсіп, оған 40-тан астам депутат қатысты. Талқылау, талас-тартыс барысында депутаттар ортақ келісімге келе алмай, 16 қазанда комиссия құрып, оның төрағалығына Салық Зиманов

сайланады. Комиссия мүшесі ретінде Зинаида Федотова, Марат Оспанов, Жабайхан Әбділдин, Манаш Қозыбаев, Сұлтан Сартаев, Әбіш Кекілбаев, Сағадат Нұрмағамбетов, Евгений Неверовский және тағы басқасы атсалысады.

– Академик Салық Зиманов басқарған комиссия жан-жақты талқылаудан өткен құжатты 8 сағат бойы тік тұрып қорғап, сын айтып, наразы болғандарға 60 рет сөз алып, қарсы пікірлерге халықаралық құжаттардан мысал келтіріп, сабырлы, салмақты түрде жауап беріп, біздің рухымызды көтерді. Депутаттардың 60 пайызы өзге ұлт өкілдері болатын. Кеңестік биліктің өктемдігі әлі сезіліп тұрған тұста өз көзқарасын білдіруге тайсақтайтын әріптестеріміз де аз емес еді. Талқылау кезінде қарсы топ «Кімнен егемендік алмақшысыңдар» деп күле қарады. Ашық дискуссия, тартысты талқылауларға төрағамыз Ерік Асанбаев араласып, қарсы топтың уәжін дауысқа салып, Егемендік декларациясының өзгеріссіз қабылдануына күш салды, – деді тарихи оқиғаның куәгері Жигули Дайрабаев.

Емендіктің бастауы болған Егемендік декларациясы нағыз ұлттық мемлекеттің қайнары болды. Бұған Александр Козлов, Владимир Масолов, Борис Барченко, Владимир Котельников қарсылық танытып, «қазақ» сөзіне кенедей жармасып, Қазақстан көп ұлтты ел екенін алға тартты. Мәселен, депутат Людмила Филаретова «Біздің республика көпұлтты. Біз мұны ешқашан естен шығармауымыз керек. Мен Қазақстан халқы, яғни сондағы барлық халық ұғымына анықтама беру керек деп санаймын» деп декларацияны өзгерту керектігін ескертеді.

Бұл қарсылықтың басы ғана еді. Целиноград облысынан сайланған депутат Юрий Сухов: «Мемлекеттік тіл – орыс және қазақ тілі болуы керек. Елдегі орыстар не істейтін болады? Олар қазақ тілін білмейді. Ертең қалай өмір сүреді?» деген уәжін айтып, отқа май құйғандай болады. Бұл сұрақтың арты үлкен дауға ұласпас үшін Кеңес төрағасы Ерік Асанбаев араласып, ұсынысты дауысқа қойып, көпшілік дауыспен кері қайтарады. Пікірталас бәсеңдей бастаған тұста Валерий Кириллин: «Қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың» деген тіркесті алып тастауды ұсынса, Александр Христенко «Ұлтаралық араздық шақыратын мұндай декларацияның қажеті қанша?» дегенді қолдайды. Одан бөлек, Михаил Баженов, Геннадий Васильев, Виталий Воронов, Виталий Ермоленко, Александр Казаков, Александр Перегрин, Александр Пономарев, Владимир Масолов, Николай Новиков, Петр Своик, Юрий Сытов, Петр Федосенко, Людмила Филаретова, Владимир Шумиленко сынды депутаттар қарсылық екпінін күшейтіп, декларацияны қабылдатпауға күш салады.

Жоғарғы Кеңестің мінберінде қасқайып тұрған академик Салық Зиманов халықаралық заң талаптарын алға тартып, байыппен жауап береді. Пікірталас шегінен шығып, қарсы тарап шектен шығып бара жатқанда төраға Ерік Асанбаев араласып, Сұлтан Сартаев, Өмірбек Жолдасбеков, Марат Оспанов, Серікболсын Әбділдин, Ғазиз Алдамжаров, Тәңірберген Тоқтаров, Ғани Қалиев, Заманбек Нұрқаділов және тағы басқалары сөз алып, ұтымды ойларын айтып отырады.

ҚУАНҒАННАН ЖЫЛАП АЛДЫҚ

Бұл сөзді сол кезде депутат болған **Төлебай Рақыпбеков** айтты.

– Мінбеде академик Салық Зиманов күн ұзақ тұрып, декларацияны қорғады. Бұл жай ғана қорғау емес, қазақ ұлтын және ұлттық мемлекет концепциясын қорғау еді. Ол кезде өзге ұлт өкілдерінің арасында таңертең басқа елде оянамыз ба деген үрей болды. Мұндай көзқарасты талқылау барысында анық танып-білдік. Жоғарғы Кеңесте академик депутаттар Шахмардан Есенов, Манаш Қозыбаев, Жабайхан Әбділдин, Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Айтмұхамед Абдуллин, Ораз Баймұратов, жазушы депутаттар Әбіш Кекілбаев, Әнуар Әлімжанов, Балғабек Қыдырбекұлы және тағы басқасының мысы басты ма, қарсылық болса да құжат қабылданды. Бұл кездегі біздің қуанышымызды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Қуаныштан көзіме жас келді, – деді.

Депутаттар арасындағы талас-тартыстың аяғы дау-дамайға дейін ұласып, тіпті кей баптарды референдум арқылы қабылдауды ұсынғанын айтты **Ғазиз Алдамжаров.**

Жоғарғы Кеңестің халық денсаулығын сақтау және әлеуметтік қорғау комитетінің төрағасы болған **Тәңірберген Тоқтаров** экологиялық аймақтар – Арал және Семей өңірінің тұрғындарын қорғау туралы ұсынып, Егемендік декларациясын қабылдауға атсалысады.

– Бір бапты қабылдаудың өзі бірнеше сағатқа созылып, қызу пікірталас орын алды. Тіпті «Демократиялық Қазақстан» депутаттар тобы декларацияның балама нұсқасын ұсынып, өткізуге тырысты. «Қазақ», «ұлт» деген сөздерге қарсы шығып, «азамат», «халық» деген тіркестерді енгізуді талап етті.

Тарихи құжаттағы территориялық тұтастық, ұлттық мемлекет сынды баптарға қарсы топ келіспейтінін білдірді. Бірақ біз жеңдік! Бұл Тәуелсіздіктің бастауы еді, – деді Т.Тоқтаров.

Жоғары Кеңестің XII шақырымында және Парламент Мәжілісінің VIII шақырымында депутат болған азаматтар арамызда жүр. Соның бірі – Жигули Дайрабаев. Одан кешегі мен бүгіннің арасын саралап, баға беруді сұрадық.

– Меніңше, Кеңестің XII шақырымындағы депутаттары мен Мәжілістің VIII шақырымындағы депутаттардың бір ұқсастығы бар. Қоғам жаңа бағытқа бет бұрған тұста жауапкершілікті өз мойнына алатын депутаттық корпуспен ерекшеленеді, – деді Мәжіліс депутаты.

НЕНІ ҚАМТЫДЫ, МАҢЫЗЫ НЕДЕ?

Тарихи құжат ұлттық мемлекет ретінде салтанат құруды көздеді. Мәселен, 1-бабында елдің территориялық тұтастығы, елдіктің нышандары анық көрсетілсе, 2-бапта ұлттық мемлекеттілікті сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданатыны қамтылды. 3-бапта «Қазіргі шекарасындағы Қазақ ССР-нің территориясы бөлінбейді және оған қол сұғылмайды, оның келісімінсіз пайдалануға болмайды» деп айқындап, сақ-ғұн дәуірінен сабақтасып келе жатқан елдіктің негізі – жер екені әйгіленді. 4-бапта халық егемендіктің иесі екені және халық атынан билікті жүргізу Жоғарғы Кеңес жүзеге асыратыны, ал 5-бапта республика аумағында өмір сүретін барлық азаматтың құқығын қорғаудың жайы жазылды. 6-бапта сыртқы қарым-қатынаста үстем, дербес шешім шығара алатыны, 7-бапта мемлекеттік басқару органдарының құрылымы: заң шығарушы, атқарушы, сот билігі көрсетілді. 9-бапта жер, оның қойнауындағы барлық табиғи ресурстарды басқаруға, пайдалану тәртібі, сондай-ақ өсімдік пен хайуанаттар дүниесі, мәдени, тарихи, рухани қазыналары өз меншігіне жататыны, 10-бапта Жоғарғы Кеңеске бағынышты ведомстволар көрсетілді.

11-бапта экологиялық мәселелер орынды келтірілсе, 12-бапта ел аумағында тұратын өзге ұлт өкілдерінің құқықтық мүмкіндігі, 13-бапта елдің құқық қорғау жүйесі мен әскер ұстауы, 14-бапта халықаралық қатынастардағы орны, 15-бапта егемендік құқығын қорғауы, 16-бапта Мемлекеттік рәміздер: ту, елтаңба, гимн болатыны, 17-бапта декларация елдің жаңа Конституциясын әзірлеуде заңды тұрғыда негіз болатыны айқын жазылды.

P.S: ***Тәуелсіздік бізге осылай келді. Оған сол кездегі депутаттардың үлесі зор. Республика күнінде қайраткер тұлғалар Ерік Асанбаев, Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев сынды тұлғалардың еңбегін атап өтуді ұмытпау керек. Бұл – біздің басты міндетіміздің бірі.***

Нұрлан НҰРСЕЙІТОВ,
ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті Астана қаласы бойынша департаментінің бастығы:

МЕМЛЕКЕТ ҚУАТЫ – ӘДІЛДІКТЕ

– Республика күні – қайсар рухы мықты еліміздің тәуелсіздік жолындағы аса маңызды тарихи оқиғаларды бейнелейтін және тәуелсіз ұрпақтарды ортақ құндылықтар төңірегінде біріктіретін тәуелсіздік пен бірлік мерекесі.

25 қазан – тәуелсіздікке деген алғашқы маңызды қадам, тәуелсіздігімізді ұлықтайтын атаулы мереке. Оған алғашқы қадам 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Тәуелсіздік туралы декларацияны қабылдаудан басталған. Ал қазіргі таңда бұл заңдылықтың сақталуын және мемлекет пен қоғам арасындағы құқықтар мен мүдделерді қорғауға бірден-бір жауапты негізгі орган прокуратура органы болып табылады. Сондықтан Республика күні әділдік пен заңдылықты қамтамасыз ететін органдар үшін ерекше маңызды деп айта аламыз.

Бүгінгі таңда прокуратураның басты міндеті – елдегі заңдылықты, бейбітшілікті қамтамасыз ету. Прокуратура барлық заң мен нормалардың сақталуын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын және де мемлекет мүддесін ешкім бұзбайтынын қамтамасыз етіп келеді және әрі қарай қамтамасыз ету үшін талмай еңбек атқаруда. Қанша жылдар бойы аңсаған, төгілген тердің және табанды еңбектің нәтижесінде келген тәуелсіздік үнемі қорғауды және заңдылық қағидаттарын ұстануды талап етеді. Осы тұрғыда прокуратура органдары заңдылықтың негізгі қамқоршысы және мемлекет мүдделерін қамтамасыз етуде алдыңғы қатарда тұрғандығын атап өткен жөн.

25 қазан Тәуелсіздіктің маңыздылығын еске салады, ал прокуратура органдары оны мемлекеттің заңдылығы мен мүдделерін қорғау арқылы қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ
НЕМЕСЕ КЕНЕСАРЫ РУХЫ

Кене сарбаздарын емеурінмен, ешқандай өктемдіксіз басқарды. Жұртты оның мысы басып, әркез айбынынан именді. Кенесары халқының ілтипатына бөленген, елінің оған деген шексіз сүйіспеншілігі мен таңданысы ғана бар. Оның есімін естігенде орыс губернаторлары кабинетінде отырып, тізесі қалтырады. Төрелер мен билер, мансабы жуандар оған іштей сүйініп, тайынып тұрды. Кедейлер оны төбелеріне көтеріп, ол туралы аңызға бергісіз хикаяны жалықпай айтады. Кенесары шынайы көңілін ұсынғандармен өте жақсы дос бола білді, ал қастасса – ешкім оның қатыгездігімен шендесе алмады. Імпершіл ақ патша үшін Орта Азияда Кене ханнан асқан қуатты және тым қатерлі дұшпан болмады. Себебі ол ұлтының мүддесін бірінші кезекке қойып, билік жүргізген әлемдегі ат төбеліндей ғана жандардың қатарынан.
Кене хан: «Егер біз өзіміз болашақтың іргесін қаламасақ, оған ешқашан қол жеткізе алмаймыз, қазіргі отаршылдықта мәңгілікке қалып қоямыз. Тіпті, бұрынғы өткеннен де нашар өмір сүруіміз мүмкін. Ешқайда асықпаған алаңғасар – ешқайда ілінбейді» деген еді...

Абылайды орыстар мен сарт-сауандар жабылып жүріп у беріп өлтіргеннен кейін, қарақалпақ әйелінен туған ұлы Уәли әкесінің орнына ақ киізге көтерілді. Әуелден Сібірге шеңгелін салған ақ патша арқа-басы кең, бейқамдығы мол Уәлидің биязылығын пайдаланып бақты. Ежелден құлқы кеткен құзғын ниеттілер қазақ жеріне сұғына кіріп, өз қағынан безген казак-орыстарын аш биттей өргізіп жіберді. Олар шұрайлы жерлерге жайлана қоныстанып, жайбарақат тірлік кеше бастады. Орыстардың оғаш пиғылы мен оспадар ісіне түршіге қараған інісі Қасым мен Уәли ханның өз ұлы Ғұбайдолла сұлтан болды. Ел шетіне жау тиіп, жымысқылықпен баспалай кеулеп келе жатқанына шыдамаған Қасым төңіректегі жібі түзу төрелерді, ілгері күнді аңдайтын өрелілерді ертіп, ағасы Уәлиге барды.

Уәли нақты жайттың тігісін жатқызып майдалай сөйлеп, бауырының ашуын басты да, мысықтабандап жылжып келе жатқан қатерге жете ден қоймады. Ағасынан қайран болмайтынын ұғып, Қасым қам-қарекетке өз беттерінше көшуді ойлады. Уәли хан кері тартқанмен, оның ұлы Ғұбайдолла ел қамы үшін жанынан табылды. Қасымның ұлдары Саржан мен Есенгелді оның оң қолына айналды. Орыстың басқыншылығына қарсы арғын, керей, уақтан қол жиды. Мұның бәрін бозбала Кенесары көз алдынан өткізді, өзі де елдік іске қызу араласты.

Ел шетіне емексіне енген дұшпанға айбат шеге дүбінген Ғұбайдолла мен Саржан бастаған жасақ дүрк көтерілді. Аузы түктілердің ұйлыққан қыстауын шауып, атамекеннен тықсыра қуды. Осыны күтіп отырған ақ патшаның үстемдігін көздеген губерния басшылары қарулы отряд шығарып, Қасым ауылын ұлардай шулатып, үйінің шаңырағын ортасына түсіріп, туырылығын тілгіледі. Пасық ниетті түктілер бойжеткен мен келіншектерді олжалап әкетті. Өйткені басқыншылық пиғылмен тұс-тұстан анталаған казак-орыстарда әйел заты тым аз еді. Іштесері бар мылтық кезенген қаскөйлерден тайынып қалмай, қазақтар қайта орыстарды шапты. Алма-кезек шайқас жиілеп, орыс пен қазақтың арасы ушықты.

Ресей патшасы көпе-көрінеу түземдіктерді езіп-жаншып, отарлауға көшті. Бұрын мұжықтарын жымысқы әрекетпен ішкеріге дендетіп қоныстандыруға жағдай жасаса, енді қолдарына қару алып қазақтарды ата-қонысынан, түбін тартса түгі шыққан жайылымдарынан үркітіп-қорқытып, ығыстырды. Бұл қаракетке қарсы тұрар ел иелерінің ауыз бірлігі болмады. Әркім әртүрлі уәж айтып, сөз бір жерден шықпады. Ақырында, оқ дәрімен қаруланған патша отрядтарына төтеп бере алмаған Қасымның басына қауіп төнді. Ағайынның салқын қабағы мен орыстың тепкісінен оған туып-өскен Көкшетау өңірінен көшуге тура келді.

Қаратауға барғанда да қатер күтіп тұр еді. Қоқандықтар «орысқа қарсы бірлесіп соғысудың жайын ақылдасайық» деп, Саржан мен Есенгелдіні Тәшкенге шақырып ап, өлтіріп жіберді. Осы қасіретті басынан кешкен Қасым сұлтан:

– Кер баққыр, кесір шалды – хандықтан айырылдық, тәуелсіздіктің даңғыл жолынан адастық, билік тізгінін өзгеге бердік. Көмек дәмете әркімге бір жалтақтайтын кіріптарға ұшырадық. Ақыры арыстай ұлдарымнан көз жазып отырмын. Осының бәрі ата жолын ұстай алмаған менің кесірім, – деп, өзін кінәлай күңіренді. – Хан Абылай тұқымының басын алдап апарып шапса да, менің өрендерім, алған бетінен қайтпайды. Ата-баба ұстанған жолдан ауытқи алмайды. Елдік мұрат үшін ат жалында арпалысып жүріп Саржан мен Есенкелді қыршынынан қиылса, келесі бір қыраным көк жүзіне саңқылдап шығады. Тек міндет жүктеп, аманат арқалату керек. Ендігі алты алаштың алдына шығатын кезек – сенікі, Кенесары! – деді солғын тартқан қарашығына қайта нұр байланып. Төрде малдас құрған кәрлі төре орнынан түрегеліп, кісе белдігін шешті. Кісесі мен күміс қынды сапысын ұлының алдына тастады. – Ел тізгінін, Кенесары, саған табыстаймын, қолды да сен басқар!

Кенесары молдасоқынған орнынан атып тұрып, бір тізерлеп қайта шөкті де, қылпылдаған сапыны күміс қынынан суырып ап маңдайына тигізіп, жүзінен сүйді.

– Осы от пен суға суарылған алмастың жүзіндей қас-жауларымды аямай бауыздауға ант етемін! – Қос жанары кек пен өшпенділікке тұнып, семсердің жүзімен серттесті.

– Қос бауырың мен он сегіз төлеңгіттің кегін әпер маған. Тұтас Қоқанға шамаң келмегенмен, Тәшкенді бір сілкіп алуға күшің жетеді. Ертең сыпайларыңды сапқа тіз, арғы атаң Тәуекел хандай Тәшкендегі мың айлалы құрама шұраттарды (ұйғыр-тәжік-өзбек шатыс сарттар) жаншып, тіземе сал – сонда мен ризамын!

Кенесарының екі көзі екі түрлі жанып, танауы делдиіп апты. Оң қолын кеудесіне қойып, әкесінің алдында басын иді.

– Кек қайтаруды Ташкенттен бастау керек пе, әлде басқа айласын қарастыру керек пе, бүгін ақылдасып, ертең жауабын берейік.

– Мақұл.

***

Қасымның балалары Қарақойынға ірге тепкенін естіп, көп уақыт өтпей-ақ, түп атасы бір төрелер қауымы ыстық құшақтарын айқара ашып, сағыныса жетті. Ат жағы одан сайын қушиып, танауы сәл делдиіңкіреп, қыран көзі жалт ойнап, Кене ағайын-туғанға ықылас білдірді.

– «Асылдың – сынығы, шұғаның – қиығы» деп, сіздер аттың белін талдыра айшылық жерден көрісе келіп жатырсыздар. Бұл – түсінген адамға ата-баба аманатын арқалағандық. Енді менің алдымда, жалпы, Абылай ұрығының алдында қазақ халқын бодандыққа бермейтін, басын біріктіретін, есесін қайтарып, несібесін түгендейтін іс тұр. Соған біржола бекініп келдім. Абылай атамның ақ туын қайта көтерем, халқыма теңдігін әперем!

– Ой, айналайын, дегеніңе жет!

– Алла жар болсын!

Тұс-тұстан кеу-кеулеген қамқор көңілдегі дауыстар шығып жатты.

– Қазақ халқының біртұтастығын, орысия империясының езгісіне түспеген еркін ел дәрежесінде сақталуын көксемейтін қазақ жоқ шығар. Әкем Қасым сұлтан, ағаларым Саржан мен Есенкелді патшаға талай мәрте хат жазып, басқыншы Ресейді бейбіт өмір сүруге шақырды. Алайда патша өкіметі тәуелсіздікті түгендеген талаптарға назар да аудармады. Өйткені олардың көкейінде түпкілікті орнап қалған пиғыл – қазақ даласына сұғына еніп, еркін жайлап, тұтастай басып алып, басыбайлы бодан жұртқа айналдыру болатын. Халық әстеәстемен табанға жаншылып, қолындағы барынан айырылып, ата мекенінен аласталып, жалшылық ғұмыр кеше бастады. Елінің жоғын түгендейтін төре кәне, жұртының сағын сындырмай сыбағасын алып беретін сұлтан қайсы? Жоқ. Олар да құшыкеш дүниенің құлына айналып, сатылып кетті. Түсінгенге ата-баба аманатын аяққа басты, алты алаштың баласы уысында ұстап келе жатқан ел тізгінін мансапқа сатты. Енді бізде халықтың көксеген мүддесіне күшпен ғана қол жеткізу мүмкіндігі бар. Осыны ұғып, ұлы мақсатты жүзеге асыруға жең сыбана кіріспекпін.

– Дұрыс-ақ!

– Азаттық жолындағы күреске аймауыт киіп, ақбоз ат мініп шығуға біржола бет бұрдым. Ең әуелгі және түпкілікті ұстанғаным – русстің бодандығына мойынсұна қоймаған ел-жұрттың дербестігін сақтап қалу. Қазақ жерлеріне баса-көктеп бекіністер салып, үстемдік жүргізетін жаңа өкіріктік құрып, солар арқылы тұс-тұстан отарлауға жан ұшырған обыр әрекеттің жолын кесу.

– Уа, аруақ! Ақсарбас, ақсарбас!

– Абылайдың рухы өлмеген екен!

– Ер қазақ! Ер, қазақ!

Ел одан сайын дүрлігіп, қазір атқа қонатындай сеңдей соғысты.

Бұл уақта Арқа мен теріскей, батыс аймақтар сегіз дуанға бөлініп, орыстардың боданына айналып кеткен кез. Ақмола өкірігінен Төртұұл болысының сұлтандары – Күшік, Жадай, Жанай Айшуақовтар, билері – Сейдалы Жанмурзин, Аққошқар Кішпентаевтар Қасымұлының қайсарлығын қызу қолдады. Көкшетау өкірігінен өзінің жақындары Ниген Уәлиұлы, Таны Тортайұлы, Қанқожа Уәлиұлы Абылай көтерген ақ тудың астына жиылды.

Баянауыл өкірігінен Маман, Тоқтамыс, Таймас, Дүйсенбі, ағайынды Абылаевтар мен Рүстемовтер, Жәнібек Абылпайызов сұлтандар Кенесары қолына қосылды. Барлығы он сегіз сұлтан, он сегіз би, жеті старшын Қасым ұлдарының ұйғарымын мақұлдап, жандарынан табылды.

Әсіресе, сексеннің жуан ортасына таянған, ел арасында беделі биік қарауыл Бөгенбай бидің бірқауым ағайын-туғанын ертіп, сұлтанның оң жағынан табылуы ісіне жан бітірді. Кезінде беймәлім жылқышы Әбілмансұрды айбынды «Абылай хан» дәрежесіне көтерген әрі оның қамқорлығы мен қорғанын көрген ел «Абылай атамның ақ туын қайта көтерем, халқыма теңдігін әперем!» деген хан немересінің сөзін елеусіз қойып, міз бақпай қарап отыра алмаған.

«Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарады». Шонжарлардан жапа шеккен халық Кененің азаттық жолындағы уәжінен құлақтанды. Содан кейін-ақ Кенесары төрені қарашының қамқоршысы көріп, ол көтерген жасыл тудың астына жаппай ағылды. Бес қаруын асынып, азаттық іздеген жасақтардың басында Наурызбай, Әбілғазы сұлтан, Бопай ханымдармен бірге халық батырлары – Ағыбай, Жанайдар, Иман, Жоламан, Бұқарбайлар тұрды. Қазақтың ардагер ұлдары Шәкір, Жәуке, Төлебай, Көбек, Бөрші, Базар, Басықара, Танаш батыр, Сармантай, Нұрабай, Қарабай батырлар және Қарабас сияқты бекініс бұзып, қамал алған кіл ержүректер Кененің қол астына жиналды.

Басқыншылыққа қарсы бағытталған көтерілісті Сарыарқаның атақты байлары Азынабай, Сапақ, Алдажұмандар да қолдады. Сондай-ақ, Кенесарының қаһарынан тайынған орыс қызметіндегі сұлтандар мен билер де, қол құралған бастапқы кезеңдерде дүбірге қосылғандай сыңай танытып, жақауратты.

Кенесарының ымыраға келмейтін қарсыластары да өз қандастарынан шықты. Ақмола өкірігінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин, кіші жүздің басқарушы сұлтандары Ахмед пен Арыстан Жантөриндер, сұлтан Баймағамбет Айшуақов және өзге де дойыр мінезді дөкірлер көптеп ұшырасты.

– Қамқорлығын аямай, құшағын айқара ашып отырған ақ патшаның ілтипатына сес көрсету – не сұмдық?! Ендігі тұста ел болсақ, орыспен ғана ел боламыз. Ата-бабаңның уақытындағы хандық бүгінгі тірлікке аужал болудан қалды. – Жуанқарын Қоңырқұлжа алыстан орағытып, айбат шеге мардымси ақыл айтты. Домбықтау біткен танауын шүйіре, аспандата көтерді.

Әуелгіде рай танытқан аға сұлтандар мен төрелердің шешуші кезеңде айнып кеткенін көрген Кене табансыздыққа төзбей, ауылдарын қан қақсатты. Күресті қолдаудан бас тартқан ел шапқыншылыққа ұшырап, қатыгездік шекті. Бұл – сертте тұрмаған, уәде – құдай аты екенін ұқпаған жұртты жазалау – бір тұстан әділетті көрінді. Шымбайына батқаны – ақсүйектердің басым көпшілігі патша үкіметінің шылбырына оралып, Кенесарыға қарсы аттанған қарулы жасақтардың шаруасын жеңілдетуі. Алайда Кенені қолдаушылардың арасында үш жүздің елі түгел бар еді. Оның бәрі өздігінен қосылды.

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

АРПАЛЫС
ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

Кене Қараөткелдің иініне бой көтерген Ақмола бекінісін алуды көздеді. Қамалдың сыртын айналдыра ор қазылған. Екі күн шайқасып қақпаны бұзды. Қаланың ішінде тағы да қоршау бар екен. Жаны тәтті әбілеттер әлгі тосқауылдың ар жағына бой жасырып үлгеріп, мылтықтарын тарс-гүрс еткізеді. Тама Танаш батыр шапанын майға бұлғап-бұлғап алып, бір шетін отқа шалдырып, найзасының ұшымен көтеріп барып қақпаның арғы бетіне атып жіберді. Борап тұрған оқты керек қылмады. Ізінше соңындағы сарбаздары да отқа тез жанатын бұйымдарға шала тигізіп, апарып тастай берді. Бекіністің іргесі от шалған қаудай лап етіп, дүркірей жөнелді. Бақырған-шақырған әлдекімдердің үні тұншыға шығып жатты. Сол жолы тілмаш А.Чанышев, урядник А.Морожников, казактар П.Таңатаров пен И.Алексеевский өртеніп өлді. Ал ағаш үйлер демде оттың қызыл тіліне оранды.

Шабуылшылар бие сауым уақытта қаланы алды, ішкі қамал да қақпасы ашылып қолдарына өтті. Тек казак-орыс әскерлерінің бас панасы – казарма ырықтарына көнбеді. Есауылдан тартып, аузы түкті орыстар казармаға тығылып, айнала оқ боратып жатыр. Әлгіндегідей шапанды тұтатып лақтыратын жер емес, ашық алаңқайға оқшау орналасқан үлкен үй – адам жуытпайды. Қылтиған басты қағып түсіреді. Араның ұясындай бәлені алыстан бағып, қазақ сыпайлары бекіністегі қалқайған нәрселерді қиратты, үйлерге от қойды. Қала тұрғындары әскер мен әскерилерге қызмет ететін арнайы адамдар тәрізді көрінді. Тұяққа қырды, тек екі орысты ғана тірідей тұтқындап, Қараөткелден әрі өткізіп әкетті. Кең далаға шығып, Кенесары нөкерлерімен ат үстінде сөйлесті.

– Бүгінше қаланы қоршауда ұстаңдар, өртеніп бітсін. Жауыздарды ұясында тұншықтырайық, ешкімді шығармаңдар. Казармадан атылып жатқан оққа қарсы жылқыны саламыз, Қоңырқұлжаның табынын айдап әкеліндер! – деді Наурызбайға.

Ертеңінде он екі мың жылқыны үш жүз сарбаз қуып әкеп, өртеңге айналған шәріні жермен-жексен етіп, жайпап өтті. Түз даладан басқа ештеме көрмеген жабайы жануарлар көздері шатынап, алдындағыларын жапыра жөңкілді. Орыстардың атқан оқтары нысанаға тимей абдырады. Кісінеген, шыңғырған, омақаса жығылған кіл асаулар. Табынның қалқасымен барып, жырынды жасақ казармаға жанжағынан от қойды. Іниге түтін салған түлкідей жауыздардың өздері сыртқа атып шығып, тағы жылқының тұяғына тапталды. Кейбіреуі заматында оққа ұшты. Қайсыбірі сол жанған үймен қоса өртенді. Сөйтіп, ет асым уақыттың шамасында казак-орыстардың бәрінің көзін жойды.

– Ал, жігіттер! – деді Кенесары саңқылдаған үнімен көзі ұшқындап, – Дешті Қыпшақ даласының орталығы, кешегі Абылай ханның айбыны болған Ақмоланы жаудан азат еттік. Дәл осы жерге атамның туын қайта тіксем деп едім, Алла дегеніме жеткізді, шүкір! Содан кейін негізгі қолды «Ұлы ту» деп атағам. Ұлы туды ұлы мұратқа жету үшін осында қадаймын!

Аңғал батыр буырыл атын тебініп кеп, байрақты Кенесарыға ұстатты. Абылайдың ақ туы ақбоз арғымаққа мінген сұлтанның қолында желбіреді. Қап-қара өртенген үйлердің ортасында әппақ ту әуелей көтерілді.

– Аруақ, аруақ! Абылай! Абылай!

– Ақсарбас! Ақсарбас!

– Ер қазақ! Ер, қазақ!

Көңілдеріне жел бітіп, ұран шақырған қол сыртқа қозғалды. Әуелі шейіт болған үш жүзге жуық үзеңгілестерін Қараөткел қабірстанында жер қойнына берді. Сосын, со беті олар қотарыла күзге дейін орыстардың ыңғайына жығылған сұлтандардың ауылын шауып, өздерін жазалап, малдарын айдап әкетіп отырды. Бекеттер мен приказдарға шабуылдап, орыстың ұясын талқандады. Қоңыр күз түсе Кенесары ауылдары Торғай мен Ырғыз бойына қарай ығыса көшті.

Қазақ даласына жер аударылып келген поляк ақыны Адольф Янушкевич әлгі оқиғадан соң араға бес-алты жыл салып, «Ақмола – ұлы даланың болашақ астанасы» деген сөзін қағазға түсірді.

***

Кене құлаған қазақ хандығын қалпына келтіруді көздеді. Дуалы ауызды ақсақалдар мен ел ағалары Кенесарының хан тағына отыруын қолдады. 1841 жылы үш жүздің басы қосылған құрылтай өтті. Шақшақ Жәнібектің шөбересі, Торғайдың төбе биі атанған Шеген шешен:

– Уа, халайық! Бас құрасақ, іргемізді бүтіндесек, ел болсақ деген бір ғана тілекпен Ұлытаудың етегін ұлыжіңгір жиын жасадық. Заманның аумалы-төкпелілігінен алты арыстың баласы бой көрсете алмай қалтарыстың түбінде, аңтарыстың інінде тұр. Баяғы ақырып айбат танытқан, өзге жұрттан үстем мерей ішкі іріңгежіктіктен, алауыздықтан қалыбынан түсіп, пәсейді. Халықтың рухын жыққан дұшпанның мықтылығы емес, біздің мықтылардың осалдығы болды. Көкірегін мұң шалған жасың бар, көзін торта, көңілін кіреуке басқан кәрің бар, бәрінің уайымы – келешек күннің келбеті. Ата-бабаларымыз дәл біздей алды-арты тұман заманға тап келді ме екен, келмеді ме екен, әй білмеймін. Асау басыңды бұлғаңдатып қоймай қақпайлы кезден, қыспақты тезден өткізіп, иінге салмаққа алпауыттар аласұрып келеді. Қолына түссең темір ноқтаны кигізіп, шалқақ кеудеңді игізіп құл етуге құлшынып отыр. Ел басқарар төре мен сұлтанның пейілі солардың ыңғайына ауып, ұстараның жүзіндей төңкеріледі. Халық бассыз қалды, әркім кеп бөліп ап үстемдік етіп, тұтастықты туталақай жасады. Құл болар елдің тағдыры ыдыраудан басталады. Ыдыраған жұрт көрінгеннің қолжаулығына айналып, жуындысы мен сарқытын ішіп, тегі мен кегін жоғалтады. Атасы мен бабасын танымайтын болады. Ондай өрен мен ұрпақ керек пе? Жоқ! Ендеше, міне, болашағымызды бүтіндейтін, есе мен теңдігімізді ешкімге жібермейтін күн туды, алаш жұрты! Арғы бабаларымыз Керей мен Жәнібектің көтерген бүтіндік байрағы Абылай ханнан кейін сиырқұйымшақтанып, бүгін сорабы ғана қалып еді. Қазақ хандығының ордасын қайта көтеріп, байрағын әуелетіп, хан сайлайтын шаққа жеттік, ағайын! Тәуба! Халқы үшін қара басын бәйгеге тігетін Кенесарыдай ұлдарыңды ел жақсылары осы хан тағына лайық көріп отыр! Ел боламыз десек екі тізгін, бір шылбырды ұстатайық Кененің қолына! Асылдың сынығы, көшпелі алтынның сарқыны! Баршамыз осы ақ тілеуге жиналдық! Көнеден жаңаға, бабадан балаға мирас салт-дәстүрімізбен Кенені хан сайлайық! – деді.

– Хан сайладық Кенені! Ер, қазақ, соңынан!

– Қазақ халқының туын биік ете гөр!

– Абылай! Абылай!

– Ер қазақ! Ер, қазақ!

Ұрандаған ел теңіздей толқып кетті.

Бір қауым арнайы алдын ала алдырылған боз айғыр мен боз биені сонадайдан нөпірдің алдына қарай жетелеп әкеп, құрбандыққа шалды.

Ханорданың төңірегіне жиылған иінтірескен халық сол жақ тізелерін бүгіп, түстікке бет бұрған қалпы алақандарын жая ұзақ уақыт мінәжат қылды. Бұл уақта бөлек бір топ Кенені ақ киізге салып, халықты айналдырып жүр еді. Олар араның құжынасындай бықыған қалпы ханды төбелеріне көтеріп, дүбіне дүрліккен дүйім елді жеті айналдырды. «Айналайын» деген сөздің шын көрінісі осы еді. «Халқымның жолында қара басым – құрбан» деген ұғым бар еді мұнда. Осы сертті ежелгі дәстүрмен бекіткен Кене, енді, елі үшін ең бірінші ажалға мойнын ұсынуы тиіс.

Бұқараның бітімімен Кенесарыны таққа отырғызды. Топтың арасынан үстіне кіреуке киген Иман батыр шығып, ханның қолына алтын қылыш ұстатты. Тақтан көтерілген Кене алмасты қынынан суырып ап, сұп-суық жүзіне ернін тигізді.

– Қазақ халқының азаттығы үшін дұшпаныма қылыш боп сілтенем! Әшейін жан тапсырмай, уа жаратқан, өлсем – елім үшін күресте ажал құшайын!

Осы кезде Таймас қымыз толтырылған зерен ұсынды. Сусынға «біссіміллә, – деп ернін тигізіп, – елімнің су ішкілігі ешқашан таусылмасын, у ішсек те ұлысымызбен болайық! Бүтіндігіміз бұзылмасын! – деп қайта қайырды. Таймас өзі бір ұрттап, шүпілдеген зеренді қалыңға қарай аралатып жіберді.

Даусы саңқылдай шыққан әз-Бөгенбай:

– Халықтың пейілімен, бұқараның бітімімен Кенесары сұлтан қазақ елі хандығының тағына отырды. Ол – қазақ халқы мен алты Алаштың ханы! – деп жариялады. Оң жағында тұрған батырдан үш шашақты жасыл туды алып, Кенеге ұстатты. Хан байрақты әрі-бері бұлғады да бала Баубекке ұсынды. Нық басып, туды алған Баубек халыққа таяу шықты. Дөңестегі бұқара алдындағы Шеген би:

– Уа, халқым, қадірлеріңе жететін хан құтты болсын! Ханның қадірін халқы да білсін! – деді айқайлай.

Әдетте бұйығы жататын Ханордасы алапат үннен теңселіп кетті. Бала Баубек ақбоз атқа қонып, үш шашақты жасыл туды биікке шарықтата көтеріп, әрі-бері бұлғай жосылта жөнелді. Барша халық пен барлық ұлық тізе бүгіп, мемлекеттік туға ілтипат пен құрмет көрсетті.

Бұрын ел бастаған Кенеге тиесілі болған, енді мемлекеттік туға айналған жасыл байрақ зеңгір көкте көлбей қалықтады. Оның үш шашағы басы бір тудың астына біріккен үш жүзді білдіретін еді.

Кенесарыдай алтын ұрықтың хан дәрежесіне көтерілуі еңсесі түсіп жүрген елдің рухын бір асқақтатты. Құлаған қазақ хандығы 21 жылдан соң қайта өмірге келді. Хан болып сайланған Кенесары бір күннен кейін қоқан басқыншылығына қарсы майданға аттанды.

Кене хан бастаған қол он жыл шайқасында ешкімнен, соның ішінде ақ патша әскерінен жеңілмеді. Тек ел игілерінің алауыздығынан, сатқындығынан жеңіліп отырды. Ақыры соның салдарынан кіші жүз бен орта жүз аймағынан Жетісуға қарай қоныс аударды.

Ондағы ойы ақ патшаның ықпалы жүре қоймаған қоқандықтардың дәргейіндегі Жетісуды өзіне қарату еді. Әуелден қазақ ханының бір ұлысы болып саналатын қырғыз елін бауырына тартып, қоқан күшіне қарсы күресуге жұмылдыруды ойлады. Олардың сөзіне тоқтайтынына сенді. Өйткені қырғызды Шағатай әулетінің ұрпағы билеген Моғолстаннан қорғаймын деп қазақтың Момыш ханы, Тайыр ханы, Тоғым ханы бәрі көз жұмған. Қырғыздар табанға тапталып, илеуге түскенде Хақназар хан моғолды тұралатып бас көтермейтіндей етіп, жерін кеңейтіп, іргесін бекіткен. Кешегі Салқам Жәңгір хан да қырғыз үшін опат болды. Тәуекел ханның тұсында қырғыздар қазақтың бір ұлысы ретінде жүретініне серт еткен. Абылайдың тұсында да «Жайыл қырғынынан» кейін айыр қалпақтың игі жақсыларын Кебек би бастап кеп, «Тақсыр, хан ием, ақтық сөзіміз. Шылбырымызды қазақтың қолына біржола ұстатып, соңынан ереміз. Алдыңызға жазып-жаңылғанымызды мойындап, бас ұрып келіп отырмыз» деп, ырқы мен пейілін түпкілікті қазаққа берген еді. Осыған қапысыз сенді. Бірақ ақ айналып, қара байланып, танып кетті. Кенесары хан басына қарадан үкім шығып, ажал аузында тұрғанда қатыгез озбырларға «Бірақ сендер астымдағы атымнан, қойнымдағы қатыннан, алдымдағы асымнан, иығымдағы басымнан айырсаңдар да, бойымдағы қазақ деген рухтан айыра алмайсыңдар! Қылша мойным семсердің жүзінде тұрғанда серт етем, орындалмаған арманым – ұрпағыма аманат! Солар рухымды қайта тірілтеді, басқыншылыққа қарсы күресімді қайта жалғастырады! Қазақты осал жұрт демеңдер, жауын алмай қоймайды! Хан Кене құласа да, қазақтың туы жығылмайды! Қазақ түбі дербес шаңырақ көтереді!» деп, қалың дұшпан ортасында ұрпағына тәуелсіздік қақында аманат қалдырды. Рухты сөзінің салмағына, арманының асқақтығына жеті қат шайқалып, Алатаудың сүйегі сырқырады. Оның үнімен жалғасқан күрес тоқтамады.

Тарихтың кезеңдерімен жалғасқан күрескерлік, ақырында, тұтас бір құрлықты алып жатқан темір құрсауды тас-талқан еткен қасиетті Желтоқсан оқиғасына келіп тіреледі. Кенесары ханның өлер сәтінде:

«Рухымды менің оятар,

Қара жер-бесік тербетсе»

деп айтқанындай, шырқырап елінің болашағын қорғаған Желтоқсандағы жастардың азалы үні қара жерді тербеді. Хан кененің рухы оянды. Оның ақтық сөзінде «Сендермен бірге жүрегім» дегеніндей, халқының жүрегіне жерленген қайсар тұлға үш ғасырдай езіп-жаншылған қазақтың санасына тәуелсіздік сәулесін себезгілетті. Көк Тәңірідей киелі аруағы халқының десін жүргізіп, сесін арттырды.

Осының бәрін «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясында қамтуға ұмтылдық. Бұл кітап Кенесары ажалын көтере отырып, қазақ пен қырғыз арасында араздықты қоздыру мақсатында жазылмаған. Керісінше екі елдің ортақ трагедиясын көрсетуге арналған.

«Жайыл қырғынынан» кейін қырғызбен арадағы жанжал тоқтаған еді. Әйткенмен екі елдің татулық пен ымырада өмір сүруі сыртқы аларған көзге тиімді болмады. Олар қайта араға от тастап, бір кезде өшкен күлді қоламтаға айналдырып, қоламтадан өрт тұтатты. Қазақтың тәуелсіздік туын жықпаған, от пен судан тайынбайтын көкжалы – хан Кенеге қарсы айдап салды. Ақыры, боз үйлі қос ағайындының арасынан қисапсыз шығын шығып, аяусыз қан төгілді.

Бүгінде, өмірден озғанына екі ғасырға таяу уақыт өткенде Кенесары хан мен оның жақын үзеңгілестеріне кесілген өлім жазасын екшеу әрі қиын, әрі оңай. Қиын болатыны – екі жақтың бірін ақтап, бірін қаралауға ұрынатынымыз. Қатыгез де қасіретті үкімнің біздің дәуіріміздің алшақ жатуы – сол бір қым-қуыт шаққа салқынқандылықпен қарауға мүмкіндік береді. Оңай жағы – осы.

Басқыншылыққа ұмтылған отарлау саясатының арандатуы мен сатқындыққа, жағымпаздыққа, табансыздыққа көзіміз жеткен сайын, Кенесарының қазасы қос халықты одан әрі араздастырмай, татуластыра түсетін ортақ трагедия екенін ұғынамыз...

Кенесары ханның ұлт-азаттық көтерілісіне қырғыз ағайындар да басқаша қарай бастады. 2020 жылы Зәмірбек Осоров деген тарихшысы «Егер Кенесары Шу жазығында қырғыздармен соғысса, өзі де өлім құшты. Ал қырғыздар патшалық Ресей билігінің алдында құрдай жорғалап, құлдық ұрып, ханның мәйітін қорлады.

Мен «біздің жерге Кенесарының соғыс аша келді» дегеніне өте күмәндімін. Ақ патшаға қарсы күрескен ержүрек көсемнің ондайға бара қоюы екіталай... Шынтуайтында, ол қырғыз халқы мен би-манаптарынан көмек сұрап келсе керек. Бірақ оның ту сыртынан қанжар сұғып, өлім кештірді. Ал ханның басын ең құнды олжа ретінде орыссия билігіне апарып беруі – осының дәлелі.

Өзінің күллі саналы өмірінде басқыншылармен соғысқан бұл қаһарман адам патша құғындаушыларынан із суытып, ең жақын туыстары бізді пана тұтып келді. Біз болсақ қорғаштаудың орнына оның басын кесіп ап, патша билігіне тарту еттік. Осыған қарамай қазақтар бізге бауырмалдық сезімін көрсетіп келеді. Егер, біз, қазақтардың ұлы ханына ескерткіш тұрғызып, бауырлас қазақ халқынан кешірім сұрасақ, Бішкектің орталық көшелерінің бірін Кенесары ханның атымен атасақ, дұрыс болар еді. Бұл қадам қазақтармен қарым-қатынасымыздың жақсаруына ықпалын тигізетіні хақ» деп құдайылық сөзін айтып, хатқа түсірді. Сондықтан халықтың еш кінәсі жоқ. Әрі-беріден кейін, Кенесарыны өлтірткен қазақ шонжарларының алауыздығы. Билік десе есі ауып кететін төрелер мен байшыкештер бір-бір аға сұлтан болғаннан соң, ежелгі хандық дәуірге оралғылары келмеді. Оралса, қайта сол көптің біріне айналмақ. Осындай пиғылмен халқын бодандыққа байлап бергенін білген жоқ. Ақырында, халық өз қаһармандарын ұмытып, олардың орнына бұратара (қазақтың елі мен жеріне көзін тігіп, шеңгелін салған басқыншы жұрт) батырларын бастарына көтере тәу етті. Соңынан жаттың иманына үйіріліп, бөгденің тілі, бөтеннің мәдениетіне ауды. Қазақтың басы қызыл империяның бұғауында жүрген кезде-ақ батыр Бауыржан «Кенесарының рухын тірілтуіміз керек» деп соңына ұн қатқан. Өйткені Кенесарының мақсат-мұраты қазақты дербес ел жасау болатын. Сондықтан тәуелсіздіктің тұғыры, азаттықтың айбыны ретінде Кенесары ханға әрбір облыс орталығында, аудандарға дейін еңселі ескерткіш орнатқан жөн. Оның тас мүсінге айналған рухы тәуелсіздігімізді қорғап тұрады.

Абылай хан «Бұтаққа су, ұрпаққа рух бермесең – көгермейді» деген өсиет қалдырыпты. Міне, бабалар өсиетіне мемлекеттік іспен жауап беретін уақыт әлдеқашан келді. Арамыздағы тілі мен санасынан айныған ұлтсыз ұрпақ – арашаға зәру. Ұлттық рух пен тәуелсіздік бостан сананы асқақ ұстап отыру – мәңгі-бақилық борыш.

Тәңір бізге тәуелсіздікті сол үшін маңдайымызға жазған!

Әділбек ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ,
халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

Бибігүл НҮСІПЖАНОВА, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры:

ТАРИХИ МАҢЫЗДЫ МЕРЕКЕ

– Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 25 қазан – Республика күні күнтізбеге ұлттық мереке ретінде қайта енді. Барша қазақстандықты еліміздің қайта жаңғырған ұлттық мерекесімен Қазақ ұлттық хореография академиясы ұжымының атынан шын жүректен құттықтаймын! 25 қазан – ел тәуелсіздігінің алғашқы қадамы, ең маңызды күн.

Кез келген мемлекеттің дамуын көрсететін ғылым, білім, өнер ордасы – Қазақ ұлттық хореография академиясы ертеңгі ұрпақ мәселесіне баса назар аударып отыр. Егеменді еліміздің болашақ ұрпағына кәсіби дағдыны үйретіп қана қоймай, патриотизмге, еңбекқорлыққа және өз ісіне жауапты болуға, кемелдікке ұмтылуға тәрбиелейді.

Білім ордасы елорданың ғана емес, тұтас елдің өнері мен мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосып келеді. Қазіргі таңда академия – дарынды жастардың талантын ұштап, өнер әлеміндегі биікті бағындыруына жол салатын беделді оқу орнының бірі. Білім алушыларымыз бен түлектеріміз әлем деңгейіндегі өнер сайыстарында жүлделі орындардан көрініп жүр. Өнер ордасынан талай тарлан өсіп шығып, қанаттанған жүздеген түлек ел мүддесі үшін лайықты тер төгіп келеді.

Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбегіңіз табысты, барлық бастамаңыз сәтті де нәтижелі, ал болашағымыз жарқын, еліміздің егемендігі баянды болсын! Халқымызға амандық, жерімізге тыныштық тілейміз!

РЕСПУБЛИКА және ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНДЕРІН ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙМЫЗ?

Былтыр 13 жыл бойы күнтізбеміздің мемлекеттік я болмаса ұлттық мереке ретінде сызылып қалған 25 қазан – Республика күні қайтып оралды. Бұл мерекені ел болып екінші рет тойлағалы отырмыз. Осы орайда жұрттың көкейінде «Республика және Тәуелсіздік күндерін қалай тойлаймыз?» деген сұрақтың бары анық. Ұлттық мерекелер бірде жойылып, бірде қайта пайда болып жататындықтан, біздің қоғамда: «Тәуелсіздік күні Республика күнінің тасасында қалып қоймай ма?» деген алаңдаушылық көңіл күйдің де байқалатыны рас.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ КӨК ТУ ЖЕЛБІРЕСЕ

Республика күні ұлттық мереке болып қайтып оралған соң, Тәуелсіздік мерекесін қоса алғанда, екі бірдей мемлекеттік мерекеге ие болдық. Ұлттық мереке мен мемлекеттік мерекенің қандай айырмашылығы бар? «Мерекелер туралы» заңда ұлттық мереке күндері орталық және жергілікті мемлекеттік органдар міндетті түрде ресми іс-шаралар өткізуі керектігі жазылған. Ал мемлекеттік мерекелерді тойлау кезінде ресми іс-шаралар өткізуге де, өткізбеуге де болады.

25 қазан – тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы ең маңызды датаның бірі. 1990 жылы дәл осы күні Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл – еліміздің егемендік жолындағы алғашқы құтты қадамы. Декларацияда тұңғыш рет аумақтардың тұтастығы, бөлінбейтіні және татулығы, Қазақстан халықтары мен олардың тілдерінің мәдениетін дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту сияқты мемлекеттіліктің қағидалары бекітілді. Олай болса бұл ұлттық мерекенің мәні, маңызы, құндылығы бірінші кезекте тұруы тиіс. Үкімет Республика күнін дүркіретіп тойлаудың жүйелі тұжырымдамасын жасаған жоқ. Тек бір апта уақыт қалғанда: «Әлеуметтік желілер мен БАҚ-тарда насихатын күшейтіңдер» деген жергілікті атқарушы органдарға пәрмен берді. Мұндай едел-жедел тапсырмамен, бір реттік жасанды іс-әрекетпен Республика күнінің тарихи мән-маңызы жас ұрпақтың санасына сіңбейді. Науқаншылдық дерті мерекенің маңызын ұқтырмайды. Керісінше, бұл жалпыұлттық бірлік, татулық, тұрақтылық, елге деген мақтаныш тұрғысынан тойланатын ең үлкен, шынайы мерекеге айналуы қажет.

Ал енді «Республика күнін қалай атап өтеміз?» дегенге келейік. Әр адам ұлттық мерекені нақты сезінуі үшін сол мерекені тойлайтын халыққа мемлекеттің шынайы құрметі болуы керек. Меніңше, Республика күніне орай 3-5 күн демалыс беріліп, ел аумағында жаппай салтанатты шерулер (қолымызға ту ұстап, алаңға шығып, әнұранымызды ел болып шырқасақ несі айып?!), ауқымы зор мәдени-рухани іс-шаралар (әсіресе ұлттық спорт, интеллектуалды ойындарды өткізсек құба-құп) өткізілсе әрі мерекеге 2 ай бұрын дайындалсақ, балалардың өзі оны асыға күтеді. Мемлекеттік органдар мен бюджеттік мекемелер ғана емес, барлық ұлкенді-кішілі ұжымдар Республика күніне салтанатты жиын өткізіп, мемлекеттік награда беріп, ұжымдағы үздік қызметкерлерді рухани, материалдық жағынан көтермелесе нұр үстіне нұр болар еді. Республика күнінде еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, ғылыми, спорттық өміріндегі айтулы жетістіктер бар қазаққа ортақ жетістік, ортақ мақтаныш ретінде айшықталса құба-құп.

Бір ғана көк байрағымызбен я болмаса мерекелік отшашумен Республика күнінің идеологиялық маңызын халықтың жүрегіне орнықтыруға болады. Мысалы, көк туымыз – егемендік, тұтастық, елсүйермендіктің бірінші атрибуты. Республика күнінде елорданың төрінде алып көк байрағымыз желбіреп тұрса, әр адам қолына бір күн бойы ту ұстап, әскери немесе мерекелік шеруде жүрсе, жанындағы балалары да нағыз халықтық мерекенің мәнін ұғынар еді. Астананың аспанына ұшып шыққан әскери ұшақтар Қазақ елінің көкпеңбек байрағын әуеден бейнелесе қандай ғажап! Негізі, бұл күні Қазақстан бойынша жаппай көк байрағымызды жарқыратып желбіретіп іліп қойғанымыз дұрыс.

Әлемнің көптеген елінде Республика күні мерекелік отшашуды халықты біріктіруші құрал ретінде пайдаланады. Отшашу дегеннің өзі – адамның көңіл күйін көтеретін, зор қуаныш сыйлайтын мерекелік көрініс. Технологиялық төңкеріс заманында отшашулар шоуын өткізудің неше түрлі формасын ойлап табуға болады. Ұлттық мереке екені сезілсін десек, қала көшелерінен, алаңдарынан мерекелік рәуіш, сән-салтанат менмұндалап тұрғаны абзал. Ұлттық мерекенің басты эпицентрі – «Қазақ елі» монументінің алаңында болып, Мемлекет басшысының құттықтау тілегін отандық телеарналар тікелей эфирде жарыса көрсетіп, кең байтақ Қазақстанның барлық түкпіріне жеткізсе, ән-күй, би фестивальдері, ойын-сауық іс-шаралары түннің бір уағына дейін жалғасып, мерекелік көңіл күй ғажайып отшашулармен аяқталса, бұл ел-жұрт кәдімгідей шын қуанып тойлайтын мерекеге айналады.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ – ҰЛТ ҚАҺАРМАНДАРЫН ҰЛЫҚТАЙТЫН КҮН

Бір өкініштісі, біздің Үкімет бүгінге дейін Тәуелсіздік күнін атап өтудің үлгісін, жүйесін, жолын нақтылайтын не бағдарлама, не тұжырымдама жасаған жоқ. Содан шығар Тәуелсіздік күнінде қалалардағы ескерткішке барып, 10 минут үнсіздікпен еске алып, гүл шоқтарын қоюмен ғана шектеліп жүрміз. Бұл – ұлт тарихына түкіру, ұлт батырларының әруағын қорлау.

Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «16 желтоқсанды тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым ететін күн ретінде атап өтеміз» деп мемлекеттік мерекенің мәнісін түсіндіріп берді. Саясаттанушы Берік Әбдіғалиұлы айтқандай, «Қазақ Республикасы – Алаш Республикасының мұрагері. Біз тәуелсіз Қазақстанның тарихын Алаш Республикасынан бастауымыз керек». Азаттығымыздың бастауында да Алаш арыстары тұр. Ендеше Тәуелсіздік күні Алашты ардақтауды, Желтоқсан қаһармандарын ұлықтауды бірінші кезекке қоюымыз керек. Бұл күн санамызды отарсыздандыруға алып баратын тағылымды, өнегелі іс-шаралармен айшықталса құба-құп.

Алаш қайраткерлері туған халқын қалай сүюдің, оның мұң-мүддесін әртүрлі саяси жағдайда қалай қорғаудың, Отанға адал және риясыз қызмет етудің тендессіз үлгісін көрсетті. Ендеше Тәуелсіздік күнін атап өту қазақтың бағына туған Әлихан Бөкейхан алғашқы ұлттық үкімет құрған 13 желтоқсаннан басталуы керек. Алаш мұратын, Алаш аманатын бүгінгі ұрпаққа жеткізетін деректі, көркем фильмдер сол күндері еліміздің барлық телеарналарынан, кинотеатрларынан көрсетіліп, ұлт батырлары туралы өнегелі әңгіме, ұлттық насихат айтылса ғана Тәуелсіздік күнінің шынайы маңызы артады.

Қазір көптеген мектепке Алаш арыстарының есімі берілді. Біз мұнымен ғана шектелмей, мектептің, университеттің оқу бағдарламасына «Алаш оқуларын» енгізуіміз керек. Тәуелсіздік күнінің қарсаңында қазақтың санасын отарсыздандыруға бағытталған іс-шараларды көптеп өткізейік. Мысалы, қалалардағы көше аттарын кеңестен қалған атау-таңбадан тазалайық. Кеңестің келмеске кеткеніне 30 жылға жуықтаса да, Ленин, Ильич, Октябрь деген атаулары әлі бар. Бұл атаулар кімге керек?! Қазақстанда Ленин атындағы 352 көше бар. Оны айтасыз, компартия, Қызыл әскер құрметіне қойылған елді мекен атаулары әлі сол қалпында тұр.

Тәуелсіздік күнінің алдында ел Үкіметі «Желтоқсан-86» қаһармандарына ресми мәртебе беретін заң әзірлеп, оны ел Парламенті қабылдаса, бұл нағыз тағзым күні болар еді. Қайратпен бірге Желтоқсанның нағыз қаһармандары – Ербол, Сәбираға да «Халық қаһарманы» атағын берсек, олардың рухына ел болып бас игенімізді білдірер еді. Қазақтың азаттығы, тәуелсіздігі жолында күресіп, бірақ әлі күнге дейін ақталмаған боздақтарымызды ақтайтын күн туса, ол нағыз ұлттық тағзым күні болар еді...

ОТАНЫМНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ ТҰРАМЫН

Адам баласының өмірінде үлкен жол ашылуына белгілі бір себепкер оқиға болады екен. Сенсеңіз де, сенбесеңіз де сондай жағдай менің басымнан да өтті. Олай дейтінім, мен ел жүрегі – елорда тұрғынымын.

Төменгі сыныптарда оқып жүргенде теледидардың арғы жағында отырып армандайтын қалаға бір-ақ сәтте көшіп келіп, сол арманның жетуіне осыншама көз жеткіземін деп ойламаппын. Армандау керек екен, өйткені армандар қол созым жерде ғана екен.

Ата-анамның жоғары оқу орнын бітірген дипломы жоқ. Ауылда жұмыс жоқ. Үйде алты ағайындымыз. Содан ата-анам күтпеген жерден шешім қабылдап, елордаға қоныс аударды. Шынын айтсам, кіп-кішкентай болсам да, жағдайды түсінетін ақылым бар. Айтайын дегенім, ата-анам таңертең тұрғаннан дамыл таппай жұмыс істеп, бізді мықты ер азамат қылып өсіруге барын салады.

Қазір елорда төрінде, өте жақсы мектепте білім аламын. Бұрын ешқашан ойламаппын Астанада оқимын деп. Қазір жаңа өзгерістерге үйреніп келемін. Мектепте достарым көп. Сабағымды жақсы оқуға тырысып жүрмін. Болашақта түрлі елдерді аралағым келеді. Журналист болсам деп армандаймын. Қазір бос уақытымды тиімді өткізуге тырысып, қосымша білім аламын.

Алдыма қойған мақсатым да, жетер шыңым да осы елорда төрінде басталады. Бұған кәміл сенемін!

Жігер БЕРІККАЛИЕВ, №92 мектеп-лицейінің оқушысы

РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШЫ

Тәуелсіз елдің ұланы – Димаш Құдайберген әлемдік деңгейдегі әнші, қазақтан шыққан бірден-бір мегажұлдыз. Димаш секілді қазақ әнін әлемге танытқан, ана тілімізді әлем халықтары жаппай үйренген сәт ешқашан болған емес, ол – әлем аспанындағы ән жұлдызы. Димаш мемлекетіміздің мерейін көтерді. Жер бетіндегі 8 миллиардтан астам халықтың жартысынан астамы Димаш Құдайбергенді, ол арқылы қазақты біледі!

ДҮНИЕ ДИДАРЫНДА – ДИМАШ

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Қытайдағы Хунань телеарнасының «Мен әншімін» байқауы Димаштың жұлдызын жақты, елдің мәртебесін асқақтатты, әлемге әнші баламыз жарқырай танылды. Димаш арқылы қазақ халқының абыройы аспандап, мерейін тасытты.

Үш айға созылған байқау кезінде Димаш Құдайберген жеткен жетістіктерді санамаласақ, 14 турдың үшеуінде бірінші орын алды, әйгілі актер Джеки Чан әншіні өзі іздеп келіп танысты, атақты әнші Лара Фабиан Димаштың өнеріне ілтипат білдірді. Болашақта екеуі дуэт орындауы мүмкін, бейнесі Нью-Йорктің төріне ілінді, француз телевидениесі Димаш туралы арнайы хабар түсірді, «Дайдидау» – Азиядағы ең үздік әндердің қатарына енді. Димаштың әні «Ұмытылмас күн» – «Азияның жаңа әндері» рейтингінде бірінші орынға шықты! Ол байқауда алты тілде ән орындады.

Димаш әлемдік сахнаға қазақ даласының кең тынысын алып шықты. «Дайдидау» әлемді шарлап кетті. «Адай» күйі қазақтың қанын ойнатып, рух шақырды. «Ұмытылмас күн» күн сайын тыңдағанның есіне қазақтың атын салып тұратын болды.

Ең бастысы, Димаш қазақ тілінің мәртебесін көтерді. Сахнада орыс тілін қосқан жоқ. Қытайдағы бауырларымыз оның әр сөзін қазақ тілінен қытай тіліне тікелей аударып отырды. Демек, Димаш «Қазақ орыс тілінсіз әлемдік деңгейге шыға алмайды…» деген түсінікті түп-тамырымен жоққа шығарды. Қытайлықтар «Абай жолын» оқуға кірісті. Қазақ тілін үйренуге тырысып, сөздік арқылы аударма жасап жатқандар қаншама. Алыстағы француз қызының «Дайдидауды» қазақша шырқап, біздің ұлға үздіге тілек арнауының өзі неге тұрады?!

Осы байқау кезінде Айтбаевтар әулеті күллі жұрттың назарында болды. Яғни Димаш арқылы дүние жүзіне қазақтың отбасылық институты «таныстырылды». Күллі әлем атасы мен әжесінің бауырында өскен баланың қандай мәдениетті, қандай бауырмал болатынын көрді. Ата – бала – немере арасындағы үзілмес алтын жіпке, ене мен келіннің бір-біріне деген жарасымды сыйластығына куә болды. Димаштың қарындасы Раушанға хат жазған қытай және батыстың қыздары біздің дәстүрімізге тәнті екендерін айтып, тамсаныпты. Демек, Димаш арқылы қазақтың дәстүрі де насихатталды!

Димаш Құдайбергеннің өнерінің арқасында Астана қаласында 2017 жылы өткен ЭКСПО-ға келуге талаптанып отырғандардың қатары күрт артқаны белгілі. Димаштың Астанада, Алматыда өткен жеке концерттеріне әлемнің түкпір-түкпірінен әншінің жанкүйерлері келгенін білеміз. Әлем халықтары арасында Димаш туған елге келіп, туған жеріне барып, ана тілімізді үйреніп, әндерімізді шырқап, дәстүрімізді насихаттаған қаншама адам бар екенін есептеудің өзі қиын!

Димаш – феномен, ән әлеміндегі ерекше құбылыс, нағыз құбылыс. Сондай-ақ 2021 жылы Димаш Құдайберген Азиядағы ең сымбатты ер адам атанды. Ішкі жан дүниесіне сыртқы көркі сай алтын ұл – ұлтымыздың мақтанышы, ұлтымыздың бренді десек те болады!

Қазағымның беткеұстар өнер жұлдызын елдің паспорты ретінде ерекше қарап, мемлекет қорғауына алуы керек еді ғой деген ой мазалайды бізді.

Әлемдегі ең танымал, мықты музыканттарға, композиторларға оның қайталанбас, ерекше дауысына арнап ән жаздырып, оның қомақты гонорарын мемлекет төлесе, сөйтіп шығармашылығын жаңа сатыға көтеруге серпін берсе, Димашты бүкіл елдің бойтұмарындай көздің қарашығындай қорғай алсақ деген тілек бар.

Димаштың қай концерті болсын, соның алдында міндетті түрде фанкездесуі өтеді. Әншінің Мәскеудегі концертіне әлемнің 56 елінен 500-ге тарта жанкүйері жиналса, Лондон төріндегі үздік сахналардың бірінде, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірлігінің астанасы Дубай қаласында қазақ елінің мақтанышы Димаш Құдайберген өзінің жеке концертін өткізгені белгілі. Нью-Йоркте де Димаштың жеке шығармашылық концерті жоғары деңгейде дүркіреп өткені мәлім. Шетелдердегі Димаштың концерттеріне шашбауын көтеріп, қолдау көрсетуге келгендердің қатарында еліміздің барлық аймағынан арнайы барған тыңдармандар да бар еді.

Димаштың өз еліндегі жеке концерттері аншлагпен өткені белгілі. Астанадағы концертінде әншінің жанкүйерлері – шетелден келгендердің қарасы көп болды. Қытайдан келген 3000-нан астам қытайлықтың елордадағы ірі сауда орталығы «Хан шатыр» сауда және ойын-сауық орталығындағы барлық тауарды сатып алып кеткені туралы естігеніміз де күні кеше сияқты еді. Әншінің Алматыдағы концерті де аншлагпен өтті. Орталық стадиондағы орын саны 20 мың адамға лайықталған еді, содан көптің сұранысына орай, фан-аймаққа тағы да мыңдаған билет сатылды. Сөйтіп концертке келгендердің саны 35 мыңнан асты. Ал концертті тамашалауға әлемнің 65 елінен 13 мың турист, әнші тыңдармандары Алматыға бірнеше күн бұрын арнайы келді. Қаладағы қонақүйлер Димаштың жанкүйерлеріне лық толды, қонақүй бизнесі жыл бойы табатын табысын бірнеше күнде орындап, қалтасын толтырды. Туризм дамыса, ел экономикасына да кіріс әкеледі, сондықтан да ішкі туризмді ілгерілету өте маңызды.

> Димаш шығармашылығын ел туризмін дамытар ірі жоба ретінде қабылдап, оған мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Димаш – қазақ елінің бренді ретінде әлем алдында елімізге инвестиция құю, туризмді дамытудың ең бір серпінді жобасы болар еді

Туризм – табыс көзі. Ел саясатының басым бағыты осыған негізделуі тиіс. Туризмге инвестиция құю – болашаққа жасалатын жұмыс. Қазақстанның туризм саласы ешбір шет елдерден кем емес. Ерте ғасырлық қоныстар мен орта ғасырлық қалалар, көрікті жерлер мен таңғажайып мекендер – Қазақстан туризмінің күретамыры. Оған енді елдің мәдени әлеуетін Димаш секілді өнер жұлдыздарының шығармашылығын насихаттауды қосар болсақ, ұтпасақ, ұтылмаймыз.

Ендеше, Димаш шығармашылығын ел туризмін дамытар ірі жоба ретінде қабылдап, оған мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Туристерді көптеп тартуға мәдениет саласының әлеуеті жетеді. «Мәдени іс-шаралар қаланың рухани өмірін байытуға, шығармашылық әлеуетін арттыруға тиіс» деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі орындалса, Димаш – қазақ елінің бренді ретінде әлем алдында елімізге инвестиция құю, туризмді дамытудың ең бір серпінді жобасы болар еді.

Ал ән әлемінің ханзадасын тыңдаған қаншама адам қатерлі ісікті жеңіп, қаншама бала ауруынан айыққаны туралы ақпарат әлеуметтік желіде де, ақпарат құралдарында да көп. Димаш – ұлтын сүйетін азамат, бойында адамдық құндылықтың қазынасы бар тұлға. Ол – әлемдік бейбітшіліктің символы іспетті. Оны әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдар жақсы көреді. Біздің ойымызша, ол – саясаттан биік тұлға. Өзінің әнімен, тамаша даусымен тілі бөлек, танымы бөлек миллиардтаған жандардың жүрегіне жол тапқан нағыз өнерпаз, әлем елшісі деуге болады.

– Сонымен Димаш феномені бізге не сыйлады? Ол қазіргі қазақ эстрадасында жүрген фонограммамен ән айтатындардың кім екендігін толыққанды көрсетіп берді. Димаштың күмістей сыңғырлаған есті үні арқылы қазақтың ән талғамы басқалай сапалық деңгейге көтерілді, дауыстың да иерархиялық әрі тектік әуелеті болады десек, бұл жағынан Димаштың дауысы аристократтық дауысқа жататынын дәлелдеді. Ол тек музыка саласында ғана емес, айталық поэзия мен прозаға, керек десеңіз, бүгінгі философия мен теология саласына да дәл осындай өзгеріс керек екендігін көрсетті. Димаш өзінің аристократтық азат, һәм асқақ дауысымен үш ғасыр бойы боданда болған ұлттық рухымызды көтерді, кеңірек ойлануға, шеңберден шығуға, өзінің ерен дауысымен еркіндіктің шын мағынасы мен қадірін түсінуге шақырды. Ол маған қазаққа бейне бір осы миссиямен келгендей, көрінеді де тұрады, – дейді Ықылас Ожайұлы.

– Қазір әлемнің қай түкпірінде болсын, Димаштың есімі қазақ деген сөздің синонимі әрі символы ретінде қабылданады. Бұл дегенің ғажап қой, біз секілді аз ұлтқа одан артық не керек? Өнер арқылы қазақты дүние жүзіне танытудың жолын тапқан және сондай миссия бұйырған, жер жүзінің тыңдармандарына таңдай қақтырып, үніне тамсандырған теңдесі жоқ құбылыс, – дейді фольклортанушы, этномузыкатанушы, әнші, күйші, эпик жыршы Берік Жүсіпов.

Бұл биікке, бұл абыройға Димаш оңай жеткен жоқ. Бала кезінен музыкалық сауатын ашып, оқып, ізденіп, мықты музыканттардан тәлім алып, тынбай еңбектену мен талмай күресудің арқасында осы дәрежеге жетті. Қазір де білімін жетілдіріп, мұхиттың арғы жағында Америкада жүр. Қазақтың әніне, әлем музыкасына жаңа тыныс алып келген ол – үнемі ізденудің үстінде, үйренуден жалықпайды, өзінің болмысындағы қарапайымдылығымен, кішіпейіл, ақжарқын пейілімен миллиондардың жүрегіне жарық сыйлап жүрген ән жұлдызы! Жаратқан тіл-көзден сақтасын деп тілеуін тілеп отырамыз, әрбір жаңалығына, әрбір қуанышына жүрегіміз жарылардай шаттанатынымыз рас.

Дүние дидарында Димаш – қазақ жасының бағдаршамы, алға жетелейтін жарық жұлдызы іспеттес.

Назым САҒЫНТАЙ,
«Астана Опера» театрының әншісі:

КҮНТІЗБЕДЕГІ ЕРЕКШЕ КҮН

– Әр адамға өзінің туып-өскен жері, Отаны ыстық деп ойлаймын. Осынау патриоттық сезім бізді елдің игілігі жолында еңбек етуге, халыққа пайдалы іспен шұғылдануға түрткі болады. Жүректе Отанға деген махаббат болмағанда, адамдар ормансыз бұлбұл тәрізді кез келген елді паналап, туған жерге қызмет етудің, халықпен бірге жасасудың не екенін білмей өтер еді деп ойлаймын.

Отандастарымды Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Былтыр Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтару туралы бастама көтергенде барлығымыз қуанған болатынбыз, енді, міне, 25 қазан күнтізбеміздегі ең маңызды күндердің біріне айналды. Бұл – еліміздің жеткен жетістіктері үшін қуанатын, егемендігімізді мақтан ететін ерекше күн. Әрбір азамат аянбай еңбек етіп, еліміздің дамуына өз үлесін қоса берсе, бізді бұдан да жарқын күндер тосатынына кәміл сенемін. Әрбір шаңырақта шаттық орнасын, халқымыздың мерейі арта берсін, аспанымыз әрдайым ашық болсын!

Ақбаржон ИСМАИЛОВ,
Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары:

МЕМЛЕКЕТІММЕН МАҚТАНАМЫН

– Тәуелсіздік таңы атып, елдің еңсесін тіктеу жолында тізе қосып тірлік қылып, бірлесе білек түріп, тарих төрінен орын алды.

Қасиетті қара шаңырақ – Қазақстанда ұлттар мен ұлыстар қоғам құндылығын арттыра түсті. Баянды болашаққа бет түзеді. Тәуелсіздік туымызды бүгінгі таңда еліміздің азаматтары алып елдерде көк байрағымызды желбіретіп, әнұранымызды шарықтатуда.

Мемлекеттік мәртебе өсіп, әлем мойындаған әйгілі елге айнала бастады. Мұның бәрі бірлігі қалыптасқан берекелі еліміздің кемел келешегін байқатты. Зайырлы заманда өмір сүрген барлық ұлыс өз мәдениетін, салт-санасын түлетті. Міне, мен осындай қасиетті мемлекетіммен мақтанамын және сол үшін қызмет етемін.

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

Отан жайлы менің барлық өлеңім

Несіпбек АЙТҰЛЫ

ЖАЛҒЫЗ ОТАН

Біздер үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз,
Қорғамасақ несін ұл боп туғанбыз?!
Кіндігіміз тар қапаста кесіліп,
Ит көйлекті қанды жаспен жуғанбыз.

Туған жұртқа тірек болу – ерге сын,
Құлдықты енді Құдай басқа бермесін.
Атаң өлсе, өзің ата боларсың,
Ешқашан да Отан өле көрмесін!

Әкең өлсе, шешең өлсе, жыларсың,
Балаң өлсе, бір жығылып тұрарсың.
Отан өлсе, опырылып түскенің,
Күңіреніп көрге бірге құларсың.

Біздің Отан өліп, қайта тірілген,
Біздің байрақ құлап, қайта тігілген.
Опат болған ерлер рухы оянар,
Отан деген лебіз шықса тілімнен.

Отанменен аспандағы Күн егіз,
Екеуінің амандығын тілеңіз.
Жас азамат, бұл Отанның қадірін,
Отансыз боп көрген біздер білеміз!

Керек қылса, жолында оның құрбанбыз,
Бәріне де белді бекем буғанбыз.
Бір кеудеге екі жүрек сыймайды,
Қазақ үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз!

Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА

Мейірім мен сағынышым боп бар уайым,
Сыршыл жырдың жаздым, рас, талайын.
Сын іздейсің, мін іздейсің бойымнан,
Отан жайлы жырым аз деп, ағайын.

Отаным деп тәй-тәй өмір бастағам,
Отанымсыз әліппені ашпағам.
«Отан» деген қастерлі сөз болған соң,
Оны жиі қайталауға жасқанам.

Жүрегімде кім жақтырды жыр шамын,
Бақыт – оты жаңа жылдық шыршаның.
Сүйемін деп қайталаймын несіне,
Өмірімнен артық көрсем жусанын.

Бейбіт таңда кімнен қалай қорғайын,
Жақсы көрсем қалай ақын болмайын.
Сүйсем қайтем сәбиімдей өзімнің
Бұл даланың бұлбұлы мен торғайын.

Отаным тұр әуен-ән боп үнімде,
Тақырыбым сол ертең де, бүгін де.
Сүйгенімнің осы емес пе куәсі,
Жырлап келем өзені мен гүлін де.

Отан жайлы менің барлық өлеңім,
Жүрегімде мәңгі аялап келемін.
Жақсы көрем деген сөзді жиі айтсам,
Ортайтам ба деп қорқамын беделін.

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

ҚАРАОРМАН

Тасын жарып, мұз құрсанған шыңдардың,
Қара жерде қарағай боп бүр жардым.
Жазда – аптап, қыста аязды көзге ілмей,
Жар басында жап-жасыл боп тұрғанмын.
Текті жұрттың –
Әрі – ұлы, әрі – ірі,
Топырақта жатады ылғи тамыры.
Мен Алтайдан алты ағаш боп шығып ем,
Алты Алашқа айналдырған – Тәңірі.
Құдай мені Түрік қылды құты – ұлы,
Жаным – сонда, тән де – соның тұқылы.
Мен Алтайдан Ақсораңға кеп түскен,
Қарағайлы Қараорманның тұқымы.
Маңғаз Мағжан,
Өр Қасым да сол жұрттан,
Сорғалаған көз жасым да сол жұрттан.
Қара басты тәрк қылып қашан да,
Қараорман деп зарлайтыным – сондықтан!
Жан сіміріп жасыл жұрттың жарығын,
Жастайымнан уызыма жарыдым.
...Қараорманым Хаққа қарап күңіренсе,
Солқылдайды алпыс екі тамырым...

Күләш АХМЕТОВА

Өзіңсің, Қазақстан, ән, арманым да,
Аяулым, алтын бесік, қара орманым да.
Бір нәрсе жетпейді деу қате болар
Өзіндей ұлан байтақ далам барында.

Паң далам – Қазақстаным!
Сен барда ғажап шебер, ғажап ұстамын,
Түсінем өзендердің саз – ағыстарын.
Қырандар қанатында даңқы кеткен
Ғазалым – таусылмайтын таза нұсқалы.

Ән далам – Қазақстаным!
Сен менің шұғылаға толған даламсың,
Жасампазым, сан асу жолдарды аларсың.
Бабамның көздерінің қарашығы ең,
Баламның бақытына да қорған боларсың.

Жан далам – Қазақстаным!
Керемет өріледі гүл өңірде өлең,
Кезің қандай өрік пен шие гүлдеген!
Дарқандығын сезініп, еркін басып,
Өмір сүргім келеді, ұлы елімде мен!
Кең далам – Қазақстаным!

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан, ардақтым!

Тұлпарыңның шабысын,
Домбыраңның қағысын,
Күңіренткен тау ішін,
Дарияңның ағысын
«Сүйем!» десем – бәрі шын,
Қазақстан – намысым!

Әрбір тасы – киелім,
Әр уығы – жүйелім,
Ән кернеген жүрегін,
Күй кернеген тиегін,
Сары алтыннан сүйегің,
Қазақстан – жыр елім!

Шаңырағың – шырағым
Топырағың – тұмарым,
Ғаламда жоқ сыңарың,
Ғажайыбым, жұмағым,
Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан – қыраным!

Айың тусын оңыннан,
Күнің тусын солыннан,
Жұлдыз жансын жолыннан,
Басыңа бақ орнасын,
Қыдыр болсын жолдасың,
Құдай сені қолдасын,
Қазақстан – көз жасым!..

Сабыр АДАЙ

СЕН – ҚАЗАҚСЫҢ...

Жүрегіңе ұяласын жолбарыс
Жолбарысша тал бойында бар намыс!
Әрбір қазақ сенің туыс егізің,
Түркі, Тұран сенің асыл негізің.
Сен өйткені қазақсың ғой, бауырым!
Ержүрек ел езді көрсе жерінер,
Бабаң – батыр, анаң – ақыл тегін ер,
Сен өйткені қазақсың ғой, бауырым!

Елің үшін еш дұшпанға табынба,
Сатқындық жоқ сенің ата қанында
Жарты малта жанға қуат, түн қатқын,
Ер Алашқа атамекен қымбат тым.
«Отан – ана, Отан – ана» деп өсірді арысым,
Ал арысы қорғайды ел намысын.

Қасарысса қанына қан басқаның,
Құшақ ашса, достық мәңгі дастаның,
Сен өйткені қазақсың ғой, бауырым!
Ойың – мұхит, көңілің – көл, ісің – құт,
Кем емессің ешкімнен де, күшің нық.
Сен қазақсың, сен қазақсың, қазақсың
Сабырлысың, саналысың, азатсың,
Күндеушінің көздерінен қан ақсын!
Сен қазақсың, сен өйткені қазақсың ғой, бауырым!

Мирас АСАН

Менің екі күнім бар,
Солардан асқақтықтың сертін көрем,
Солар деп қақтым қанат еркіндеген!
Бір Күнім – көкжиекте жарқыраған,
Бір Күнім – көк туымда желкілдеген!

Менің екі дінім бар,
Сол екеу – сәулем болған түнегімде,
Екеуі тілегім де, тірегім де!
Біреуі – жалғыз Отан, Қазақстан,
Біреуі – жалғыз Құдай, жүрегімде.

Менің екі тілім бар,
Өткерген тағдырдың сан қар-ызғарын,
Екеуі – мендегі алау, нағыз жалын.
Біреуі – жүрек тілім, махаббатым,
Біреуі – ана тілім, ар-ұжданым.
Бар менің қос байлығым, ең ғажабым,
Солармен өмір сұлу, өңді ажарым!
Біреуі, аңсап жеткен – ол Азаттық,
Біреуі, аңғал сәби – сен қазағым!

Ерлан ЖҮНІС

ДАЛАНЫҢ ҰЛДАРЫ ЕРЖЕТТІ

Біз саған келеміз шерленсек, мұң шақсақ,
Басымызға – күн шап-шақ!
Сен бізді Тәңірден тіледің емес пе,
Мыңжылдар бойына мойныңа бұршақ сап.

О, далам!
Біз саған келеміз марқайсақ, насатпен,
Шашымыз – күн сәулесіндей шашақпен,
Жанымыз – өзіңдей жайқалған бір байтақ,
Найқалған жас, өктем!

Толғаттың, о, далам, дәуірді, адамды,
намысты, ұжданды, жан, арды,
сен тудың тілді де,
сөйледік біз дала тілінде,
ойланттық заманды!

Біз дала тілінде сөйледік дәуір боп,
Нөсер боп,
Бұрқадық дауыл боп,
Біз сенен өрдік те, біріміздi-біріміз алқадық,
Өзегі байланған бауыр боп.

Өмірге әкелдің өркениеттерді де,
Қағанды, қаганат, мұрақты, мөрді де,
Ананың сүтіндей бір тамшы ұлылықты,
Тамызып жібердің халықтың ерніне,

Сол тамшы тамырмен зырлады,
Қан болып айналды,
Ырғағы – тербетті дүниені,
Тербетті дүниені,
Даланың ұлдары!

Ол – сенің ұлдарың,
Сақ та, ғұн, түркілер,
Байтақта тұлпардай дүркіреп,
Өркениет жасады,
Қалалар тұрғызды,
Дүниені сілкілеп.

Тұңғышың кім еді,
Тарғытай, Бұмын ба, Алаша?!.
Бабамды іздеймін әкесін жоқтаған балаша,
Қараңғы ғасырлар ояна бастар ма,
Таңменен таласа.

О, менің мәңгілік құштарым,
Мен-дағы нәби бір сөздерге нұсқамын:
Қаз басып келеді, қарашы, қарашы, о, далам,
Тар құрсағыңды кеңіткен Қазақстаның!

Ол сенің сүт кенжең,
Сүт кенжең – соғыс та, аштық та, жұт көрген,
Көш көрген,
Сес көрген,
Қамырдай иленген, қайыстай бүктелген.

Бір заман келер деп, берер деп бақ Тәңір,
Арын да, жанын да сақтады,
Қарашы, о, далам, ол сенің сүт кенжең,
Басына күн қадап сол келе жатқан ұл!

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

ЕЛ ЖҮРЕГІ – ЕЛОРДА

«ELORDA AQPARAT» МЕДИАХОЛДИНГІ ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА «ЕЛ ЖҮРЕГІ – ЕЛОРДА» ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРДЫ, ОҒАН 200-ДЕН АСТАМ МАТЕРИАЛ ТҮСТІ. АРНАЙЫ ҚҰРЫЛҒАН КОМИССИЯ МАҚАЛАЛАРДЫ ШЫНАЙЫЛЫҒЫНА, ӘСЕРШІЛДІГІНЕ, МАЗМҰНЫНА ҚАРАП БАҒАЛАП, ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАДЫ. СОНДАЙ ТОПТАМА МАТЕРИАЛДАРДЫ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

ЕЛОРДА

2022 жыл. Астананың күзі. Биік мұнаралы үйлер арасынан күн сәулесі ойнақтап, жерге түскен сары алтындай жапырақтар әр басқан ізге судырап, Астананың самал желі бойға сергектік сыйлайды. «Пах, шіркін, Астананың күзі осындай болады екен ғой» деп іштей тамсандым.

АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ САҒАН!

Мұнарасы аспанмен таласқан «Әзірет Сұлтан» мешітінің жанындағы аялдамаға келдік. Автобус тосып тұрған бір топ бала мойнын созып, жолға қарай берді. Біреуінің арқасында спорт сөмкесі болса, біреуінің қолында добы бар. Енді бірі скрипка салған қобдиша ұстап тұр. Көзім пультпен басқарып тұрған роботы бар баланың қолына түсті. Жанындағы жолдасына «робототехника» сабағында осы бір роботты жасап, «First Global Challenge» халықаралық жарысына баратынын айтты. «Бұйырса, елімнің намысын қорғап, жеңіспен ораламын» деді. Іштей оған «жолың болсын, жеңіспен орал!» деп сәт-сапар тіледім.

Алдымызға тоқтаған автобустарға топ-топ бала отырып, өз үйірмелеріне кетті. Кенет жанымнан домбыраның сыңғырлаған дауысы естілді. Жалт бұрылып қарасам, аялдамада домбыра ұстап отырған қыз бала күй тартып отыр екен. Оның домбыра тартқанына, күйдің орындалуына қызығып, мен одан есімін, күйдің атауын, домбыра тартуды қайдан үйренгенін сұрадым. Айару бұл Құрманғазының «Адай» күйі екенін, домбыра тартуды үйірмеден үйренгенін айтты. Әлі де болса оның күйін тыңдап тұратын едім, бірақ автобусым келіп, анаммен бірге кетуіме тура келді. Автобус терезесінен жол бойы әр бұрышта ашылған спорт, тіл, т. б. үйірмелердің көптігін көріп қуандым. Міне, бұл менің Астанаға келгендегі алғашқы күнім, алғашқы әсерім еді. Осы сәттің өзі маған Астанаға деген іңкәр сезімімді оятып, бас қалада оқимын деген қуанышым жүрегімді кернеді.

Қыркүйек. Жаңа мектеп, жаңа орта. Мектептегі алғашқы күнімде ұстазым мені сыныппен ерекше таныстырды. Ұстаз әр оқушының есімін ғана емес, сонымен қатар оның не нәрсеге қабілеті барын да назарға алып айтты. Мысалы, Абдужаппар математиканы, Аяна волейболды, Мадияр дзюдоны ұнатады екен. Тіпті, қалалық, республикалық деңгейдегі жарыстардан жүлделі орындар алып жүр екен. Неткен өнерлі, дарынды, білім мен дамуға құштар ортаға түскеніме қатты қуандым. Кезек маған келгенде, ұстазым:

– Таныс болыңыздар, жаңа оқушымыз – Әмина. Журналистикаға жақын бала. Түрлі жарыста ақын-жазушылардың туындыларын мәнерлеп оқып, өзі де өлеңдер жазады екен, – деді.

Сол күні ұстазым бізге Астана, өзіміз тұратын аудан туралы өлең немесе эссе жазуға тапсырма берді. Үйге келе сала, біз тұратын Алматы ауданы жайлы ізденуге кірістім. Ізденген сайын ауданымыздан қаншама дарынды балалар шығып, оларға елорда атынан қаншама керемет мүмкіндік жасалғанын көріп қуандым.

Жүректі кернеген мақтаныш пен жылы лебізден мына жолдар қағазға түсті:

Ауданым жайлы сіздерге
айтып беремін,
Осы ауданда мен де
өсіп келемін.
Жүрегімнен орын
алған ауданның
Сымбаты мен
сұлулығын көремін.

Күз келіп жайнай
түсті дер едім,
Ағаштар жая бастап
сары желегін.
Сәніменен көрер
көзді бауырған,
Ауданымды сондай
жақсы көремін.

Тұрғындардың жылы
жүзін көремін,
Бір-біріне берген
ыстық сәлемін.
Ауданымның жайлы,
тыныш болуы
Татулықтың арқасы
деп білемін.

Ауданым менің –
асыл мекен, тірегім,
Осы жерден
табылады керегім.
Алматы ауданы –
ең керемет мен үшін,
Ауданымның атын
шығару – тілегім.

Осы жолда білім
алып келемін,
Мектебімнің
асқақтатып мерейін,
Мұқағали атамыздан
үлгі алып,
Елім үшін маңдай
терді төгемін!

Келесі күні тақта алдында оқылған бұл арнауыма ұстазым тәнті болып, туындымды «Білім айнасы» журналына басылымға беретінін айтты. Көп уақыт өтпей, журналда Алматы ауданының 25 жылдығына қарсы арнауым жарияланды. Сол күні әжемнің жанарына жас үйіріліп, «Қозым, қаламың ұшқыр болсын! Еліміздің, елордамыздың мерейін асқақтата бер!» деп батасын бергені әлі есімде. Бұл менің журналист боламын деген арманыма қарай және бас қаламыз – Астанамыздың мерейі үшін жасаған алғашқы қадамым еді.

Жыл басында үлкен қаланың қарқынына ілесіп, жаңа ортаға қалай бейімделсем екен деген Әмина бас қаламен бірге өсіп, өзіне деген сенімі күннен-күнге арта түсті.

Сәуір айында «Qosalqa» агенттігінің ұйымдастыруымен «Менің Отаным – Қазақстан» бағдарламасында Қазақстан өркениеті, әлемдегі алатын орны, ынтымақ-бірлігі туралы сюжетте жүргізуші болдым.

Қадам-қадам сайын «мен журналист боламын» деген арманыма жақындап келемін. Ал оған көпір болып, мүмкіндіктер есігін ашып, жол салып беріп жатқан – Астанам!

Алыстағы арманды жақындатып, мақсатымызға жеткізген, ел жүрегіне айналған Астана, рақмет саған!

Әмина УӘЛИХАН,
Мұқағали Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназияның оқушысы

ӘЛЕМДЕ АСТАНАСЫ ЖОҚ ЕЛДЕР ДЕ БАР

Астана қаласындағы ЭКСПО көрмесіне дүние жүзі елдерінен қаншама турист келді. Сан тілде сөйлеген халықтың аузынан «Қазақстан, Астана» деген сөздер құлаққа жылы естіледі. Оларға бәрі қызық, бәрі таңсық! Әсіресе көрменің басты нышаны – «Қуат», «Мөлдір», «Сәуле» сатылатын жерге сырттан келгендер көп жиналды. Оларға Айман үш тілде қызмет көрсетуде.

Айман кәдесыйға қызыға қараған қара торы қызға қарап:

– Ұнағанын алыңыз. Қай елден келдіңіздер? – деп сыйлықты алдына ыңғайлап жайғастырды.

Абигейл (Айманға жымия қарап):

– Африканың Науру дейтін елінен келдім. Атым – Абигейл.

Айман (қасын керіп, таңданыс білдіре):

– Менің атым – Айман. Сіздің еліңізді біле қоймайды екенмін.

Абигейл: – Сіздерді, Қазақстанды, Қазақстанның астанасын біз де кейін білдік. Жалпы біз астана дегеннің қандай болатынын білмейміз.

Айман (таңданып, дегенмен артық сұрақ қоймау керек шығар деп, қыздың бетіне күлімсірей қарады):

Абигейл (аузы-аузына жұқпай тез сөйлеп кетті): Біз Қазақстанға Астана қандай болатынын көруге келдік. Көрменің «Болашақ энергиясы» деген тақырыбы қандай тамаша! Қалаңыздағы «Нұр әлем» деп аталатын шар тәріздес ғимаратыңыз ұнады. Ғимарат ішіндегі ғарыш, күн мен жел, биомасса, жоғары қабаттағы қаланың көрінісі тіптен керемет, өскен, өркендеген жер екені бірден байқалады. Астана болатын қала осындай болу керек қой!

Айман (Астанасы жоқ мемлекет болатыны мүмкін емес қой, не бұл түсіндіре алмай тұр, не мен оның тілін білмей тұрмын деп ойлап, батылсызданып сұрақ қойды):

– Сіздерде неге астана жоқ?

Абигейл: – Тынық мұхитында жатқан шағын аралдағы елміз. Үш мың жыл өмір сүріп келеді. Оны алғашында ағылшындар ашқан. Одан кейін голландықтардың отарына, одан Ұлыбритания қарамағына, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапонияға өтіппіз. Тарих солай. Сендерде астана көп пе? Жоқ, біреу ме?

Айман: – Біздің кейінгі астанамыз – осы. Бұған дейін Орынбор, Қызылорда, Алматы деген қалалар да ел астанасы болды. Біздің Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бар.

Африкадан келген қонақ тамсанып, таңданып, кәдесыйды алып кетті.

Айман келесі қонақпен тілдесіп, жұмысын жалғастырды.

– Менің есімім – Айрина, Жапониядан келдім. Мен сыныптастарыма «Қуат», «Мөлдір», «Сәуле» деген қуыршақтарды сатып алайын деп едім. Өте ұнады.

– Енді мемлекетіміздің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны бар дедіңіз ғой. Сонда Елтаңбаның болуы нені білдіреді? Астананың да туы, елтаңбасы бола ма? Мысалы, Жапонияда елтаңба жоқ, – деп Айман мен Абигейлдің әңгімесін тыңдағанынан хабар берді.

Айман (шетелдіктермен араласқанда өз еліңнің тарихын білуің керек екен ғой деп іштей ойын жинақтап, кеудесін еліне деген мақтаныш кернеп):

– Елтаңба – егемендік пен біртұтастықты білдіретін басты рәміз. Онда бейнеленген шаңырақ, оған шаншылған күн сәулесіндей уықтар ортақ қонысты, біртұтас Отан екенін білдіреді. Пырақтар – сенімділік пен батылдықтың белгісі.

Айрина: Иә, сіздерде тіптен Астананың өз елтаңбасы, туы бар екенін көрдік. Тулар желбірегенде, елдің ерлігі, өрлігі байқалады екен. Айман мемлекеттің астанасы, елтаңбасы болмауы деген де бір кем дүние шығар деп ойланып қалды.

Айманның өзі тұрып жатқан қаласы туралы естіген жылы сөздері жүрегін шаттыққа бөледі. Қыздарға өз атынан бір-бір «Сәуле», «Қуат», «Мөлдірді» сыйлады. Сыртқа шыққанда жел ақторғын бұлтты көтеріп, Ту астананың ажарлы өмірін әлемге паш етіп тұрғандай әсер етті. «Бәйтеректің» басына алтын қанатты құс келіп қонақтады.

«Сен қандай бақыттысың, Астанам!» деді Айман құшағын ашып.

Кәусар ШАЛҚАР,
Қаныш Сәтбаев атындағы Binom School мектебінің оқушысы

АРМАН ҚАЛАМ

Астана – тәуелсіз елдің бас қаласы. Арқаның төрінде сылдырап аққан Есілдің жағалауында орналасқан елорда өзінің әдемілігімен көз тартады.

Бүгінде бүкіл әлем тамсанып, «болашақтың қақпасы» деп көз тігіп отыр. Алыс-жақын шет ел азаматтары да қызыға қарап, елдің беталысын назарда ұстауда.

Шыны керек, бас қалада жастардың дамуына мүмкіндік көп. Соның бірі – мен. Қазір 12 жастамын. Астанада өмірге келіп, осы қасиетті мекенде білім алып, елордамен бірге өсіп-жетіліп келемін.

Балабақшада алған әсерім күшті болды. Онда ұлттық құндылықтарды бойыма сіңіруде ән үйірмесіне барып, көркем сөз оқуды үйрендім. Сол жерде жұлдызым жанып, түрлі іс-шараға белсене қатыса бастадым. Әншілік өнерімнің арқасында көпшіліктің қошеметіне ие болып, талай байқауда өз бағымды сынадым.

Бастауыш сыныпты үздік бітіріп, BINOM мектебіне қабылдандым. Сөйтіп, өзім армандаған мектепке қол жеткіздім. Мұнда өз өнерімді шыңдауға көп мүмкіндік ашылды.

Қазір асқақ арманның алға жетелеуімен қаншама жас елордаға бет бұрып, берілген мүмкіндікті тиімді қолданып, өз бағыты бойынша жан-жақты дамып, тіпті, алған білімін осында жетілдіру мақсатында шетел асып, елдің өркендеп, дамуына үлес қосып жатыр. Болашағын елордамен байланыстырған жастарға екі бірдей есік ашық. Біріншісі – ғылым-білімге деген құштарлық, екіншісі – жаңа орта, жаңа мүмкіндік пен жаңа идеяға толы жарқын болашаққа деген бастау.

Қалада үнемі қайнаған тіршілік, айналада жанталасып жүрген адамдар, яғни бәсекелестік өте жоғары, ал бәсекелестік бар жерде алға жылжу, өсу болады.

Бір сөзбен айтқанда, Астана – ызғары мен жылуы, суығы мен сұлулығы қатар жүретін жұмбақ қала болғанмен, шешуін таба білген жанның басына қонған бақ.

Кәусар ЖАЗЫБАЙ,
Қаныш Сәтбаев атындағы Binom School мектебінің оқушысы

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

ОЛИМП ШЫҢЫН АЛҒАНДАР...

Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел ретінде алғаш рет 1994 жылғы қысқы Олимпиада ойындарына қатысты. Қазақстан спортшылары одан кейін 7 қысқы және 7 жазғы ойындарда егемен еліміздің намысын қорғады. Ал «Олимпиада чемпионы» деген құрметті атаққа қол жеткізген сайыпқыран қай елде де елінің, ұлтының мақтанышы болады.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Олимпиада ойындарының алғашқы алтын жүлдесін атақты шаңғышы Владимир Смирнов әкелді. Ол Финляндияның Лиллехаммер қаласында өткен байрақты бәсекеде 50 шақырымдық марафон жарысында жеңімпаз атанды. Бұл әзірге қысқы ойындардан түскен жалғыз алтын медаль болып тұр.

Ал жазғы ойындарда Қазақстан спортшыларының жарқын жеңістері аз болған жоқ. Атап айтсақ, 1996 жылы АҚШ-тың Атланта қаласында өткен жазғы Олимпиада ойындарында боксшы Василий Жиров, Юрий Мельниченко грек-рим күресінен және бессайысшы Александр Парыгин жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Жиров Олимпиада чемпионы атағымен қоса ең үздік боксшыға берілетін Баркер кубогын иеленді.

2000 жылы Австралияның Сидней қаласында өткен ойындарда да Қазақстан әнұраны 3 рет шырқалды. Боксшылар Бекзат Саттарханов пен Ермахан Ибрайымов алтын жүлдеге қол созса, жеңіл атлет Ольга Шишигина 100 метрге кедергілермен жүгіру жарысында алдына жан салмады.

2004 жылы Грекияның Афины қаласында туы желбіреген Олимпиада ойындарында Қазақстан ұлттық құрамасының қоржынына бір-ақ алтын түсті. Ел абыройын сақтап қалған жалғыз алтын медальды боксшы Бақтияр Артаев жеңіп алды. 69 келі салмақта сынға түскен қазақ боксшысы ең үздік боксшыға берілетін Баркер кубогын да қанжығасына байлады.

2008 жылғы Олимпиада ойындары Қытай астанасы – Бейжіңде өтті. Бұл жолы Қазақстан спортшылары 2 алтын жүлдеге қол жеткізді. Боксшы Бақыт Сәрсекбаев тағы да 69 келі салмақта чемпион атанды. Алла Важенина ауыр атлетикадан алтын алды. Ауыр атлет Илья Ильин де жеңімпаз атанған еді, өкінішке қарай, арада бірнеше жыл өткеннен кейін қазақстандық спортшының допинг пайдаланғаны анықталып, чемпиондық атағының күші жойылды.

2012 жылғы Ұлыбритания астанасы – Лондонда өткен Олимпиада ойындарда Қазақстан ұлттық командасы рекордтық көрсеткіш орнатты. Жеті спортшымыз Олимпиада чемпионы деген атаққа ие болды. Алғашқы алтынды велошабандоз Александр Винокуров әкелсе, боксшы Серік Сәпиев тағы да 69 келі салмақта топ жарып, онымен қоса, ең үздік боксшыға берілетін Баркер кубогын иеленді. Жеңіл атлет Ольга Рыпакова үш қарғып секіруден чемпион атанды. Сондай-ақ ауыр атлеттер Илья Ильин екінші рет, Зульфия Чиншанло, Мая Манеза және Светлана Подобедова чемпион атанған еді, алайда бірнеше жылдан кейін тағы да допинг дауына байланысты бұл атлеттердің көрсеткіші жоққа шығарылды.

2016 жылғы жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан ұлттық командасының қоржынына 3 алтын медаль түсті. Боксшы Данияр Елеусінов тағы да 69 келі салмақта чемпиондық тұғырға көтерілсе, брасс әдісімен жүзуші Дмитрий Баландин алтын медаль еншіледі. Ауыр атлет Ниджат Рагимов та алтын тұғырдан көрініп еді, өкінішке қарай, оның нәтижесі бес жылдан кейін допингке байланысты жоққа шығарылды.

2022 жылы Токиода өтетін Олимпиада ойындары пандемия жағдайына байланысты бір жыл кешігіп өтті. Өкінішке қарай, бұл ойындардан Қазақстан спортшылары алтын жүлдесіз қайтты. Чемпиондар қатарынан көріне алмады. Тек 8 қола медаль иелендік.

Жалпы Қазақстан спортшылары тәуелсіз мемлекет ретінде қатысқан 15 қысқы және жазғы Олимпиада ойындарынан 15 алтын медаль, 21 күміс медаль, 36 қола медаль жеңіп алды.

Алдымыздағы 2024 жылы кезекті жазғы Олимпиада ойындары өтеді. Париж төріндегі байрақты бәсекеде Қазақстан споршылары Токиода кеткен есені қайтарады, қазақтың көк туын ең биіктен желбіретіп, әнұранымызды әлем аспанында әуелетеді деп сеніммен қараймыз. Өйткені Олимпиада ойындары – 4 жылда 1 рет өтетін ең мәртебелі спорт сайысы. Олай болса егемен елдігімізді, ұлттық намысымызды абыроймен қорғайтын сайыпқырандарымызға сәттілік серік болғай демекпіз!

ШЕТЕЛДЕГІ ҚАНДАСЫҢ НАЗАРДАН ҚАҒЫС ҚАЛМАСЫН!

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Жақында елордада отандастар форумы өтті. Шетелдегі қандастармен қарым-қатынасты нығайту және олардың ел дамуына үлес қосуына мүмкіндік беру мақсатында «Отандастар қоры» КЕ АҚ ұйымдастырып өткізген бұл форумға шетелдегі 200-ден астам қазақ ұйымдарының басшылары, белсенді және танымал тұлғалар келді.

«Отандастар форумы – халқымыз үшін айрықша мәні бар басқосу. Қазақта «кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген сөз бар. Ата-бабамыз қашан да елдік мәселелерді алқалы жиында ақылдасып шешкен. Осы орайда шетелдегі қазақтармен жан-жақты байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және басқа да өзекті мәселелерді өздеріңізбен бірге талқылаудың маңызы зор» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, бұл басқосудың еліміз үшін де, шетелдегі қандастар үшін де мән-маңызы айрықша.

Қазір әлемнің 40-тан астам елінде бейресми дерек бойынша 7 миллионға (кей деректерде 10 миллион) жуық қазақ тұрады. Бұл аз сан емес, көршіміз – Қырғыз елінің халық санымен қарайлас көрсеткіш. Егер Франция елінің 4 есесіндей кең байтақ Қазақстанға шетелдегі сол ағайын түгел көшіп келсе, онда біздің елдің жан саны қазіргі таңда 30 миллионға жуықтап қалар еді. Қазақстан тәуелсіздік алғалы 1,5 миллионға жуық қандасымыз Отанға оралғанмен, соңғы кездері Қазақ елінен шетелге қоныс аударғандардың саны да жыл сайын көбейіп келеді. Тек АҚШ-та тұрып жатқан қазақтар санының өзі 100 мыңнан асқан. Демек, шетелдегі қазақ диаспораларымен болған қарым-қатынасты нығайту және олардың тілінен, дінінен айырылып, тұрған еліндегі ұлттарға сіңіп кетпеуі үшін Қазақстан шетелдегі қандастармен байланысты нығайтып, мықты диаспора саясатын жүргізуі керек еді. Міне, осы мақсатта 1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылса, 2017 жылы Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайында «Отандастар қоры» құрылды. Сол кезде әлемдегі қазақтар бір ұйымның екеу болғанына қуанған еді. Алайда соңғы жылдары қауымдастық бар-жоғы белгісіз ұйымға айналды.

Өткен 30 жылда көші-қон саясаты, қандастарға қатысты заң-жарлық қырық құбылды. «Қандастардың көшіп келу мәселесінде жалпыұлттық мүддені басшылыққа алу қажет» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қадап айтқанмен, оның орындалуы созылып тұр. Азаматтық алу ісін жеңілдету мәселесі қайтақайта көтерілгенмен, соңғы кездері ол, керісінше, қиындап бара жатқандай. Бұрын 3 күнде шығатын қандас куәлігі бұдан былай 35 күнде шығатын болды. Сондай-ақ Үкімет белгілеген өңірлерге бармасаң, азаматтық алу немесе беру жағу қиындайды.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы басшыларының бұл форумның маңайын баспауы да аталған ұйымның «аты бар, заты жоқ» жұртта қалған ұйым екенін көрсетті. Сосын да шығар шетелден келген ағайындардың арасында «Қауымдастық не істеп жатыр? Олар «Отандастар қоры» құрылғаннан бері жұмысын тоқтатқан ба?» деген күңкіл сөздің көп болатыны. Тіпті Германиядан келген қандасымыз, белгілі қоғам белсендісі Өмірхан Алтын форумда «қауымдастықтың қызметін қайта жандандыру үшін құрметті төрағалық міндетін Президент Тоқаев өз қолына алғаны дұрыс. Шетелдегі қандастардың бір тілегі – осы» деп ашық айтты. «Халық қаласа, хан түйесін сояды» дегендей, шетелдегі қандастарымыздың алыстан айтқан бұл сәлемін Мемлекет басшысы ескерусіз қалдырмайды деп сенеміз.

Әрине, форумға келген ағайындар ұлтымызға, шетелдегі қандастарға қатысты біраз мәселені қаузады. Бұл ұлтымыз үшін айтылуға, ескеруге тиісті өзекті мәселе деп санаймыз. Мәселен, Моңғолия Парламентінің бұрынғы депутаты, Моңғолия Ғылым академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы Бәкей Ағыпарұлы Қазақстан мен Моңғолия арасындағы ынтымақтастықтың аясын кеңейту үшін бұрынғы Өскемен-Өлгей тікелей әуе жолын қайта ашу; Өлгей қаласынан Қазақстан елшілігінің консулдығын ашу; Баян-Өлгей аймағының қазақ тілді мектептері мен кітапханаларын қазақ тіліндегі қажетті кітап, оқулықтармен қамтамасыз ету; Ұланбатыр қаласынан Қазақ мәдениет орталығы мен Қазақстанның жоғары оқу орындарының филиалын ашу ұсынысын айтып, қазақ елінің ұлттық біртұтастығын сақтауына үлес қосуына мүмкіндік жасау үшін шетелдегі қазақтар да Ұлттық құрылтай мүшелігіне қабылданса деген өтініш білдірді.

Google компаниясында қызмет істейтін Арай Сабыржан АҚШ-та қазір 100 мыңнан артық қазақ тұратынын, олардың арасында ғылым, білім, денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтін білікті мамандар бар екенін айтып, олардың еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосуына мүмкіндік жасау қазақ елінің міндеті екенін еске салды әрі сөзінің соңын мынадай ұсынысымен түйіндеді: «Шетелде қазақ жастары кеңесін құру, шетелдегі білікті мамандарды елге тартудың алгоритмін әзірлеу және олардың ақпарат алуына мүмкіндік жасау үшін Қазақстандағы бос жұмыс орындары мен маман тапшылығы туындап отырған салалар жайлы толық ақпарат беретін кемелді сайт жасау, шетелдегі қазақтардың қазақ тілі мен қазақ мәдениетінен көз жазып қалмауы үшін шетелде аталған салалар бойынша білім және ақпарат беретін орталықтар ашып, Қазақстан үшін маңызды кеңестер беретін сараптамалық кеңес орталықтарын құру керек».

– Қазір Өзбекстанда қазақ тілінде сабақ беретін 370-ке жуық мектеп бар. Бірақ олардың көбінде қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдер жетіспейді. Қазақ елі осы жағынан көмек берсе, – деп сөз бастаған Өзбекстан Экология министрінің кеңесшісі, 8 жыл Өзбекстан Парламентінің депутаты болып, «халық сайлаған депутат» атанған Расул Көшербаев ел билігін шетелдегі қазақ жастарының Қазақстаннан оқу мәселесіне айрықша назар аударуға шақырды.

Әрине, біз жоғарыдағы үш қандасымыздың форумда айтқан ұсынысын жайдан-жай тілге тиек етіп отырған жоқпыз. Бұл тек Моңғолия, Өзбекстан, АҚШ еліндегі қазақтардың ғана ұсынысы емес, әлемнің әр елінде тұрып жатқан қандастардың бәрі Қазақстаннан осындай қолдау, демеу күтеді. Сондықтан отандастар форумында айтылған бұл өтініштерді «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» назардан қағыс қалдырмайды деп үміттенеміз.

Қазақстанда соңғы 5 жылда интернеттегі алаяқтық фактілері 5 есеге өсіпті. Мұндай сұмпайы статистиканы парламенттік тыңдауда Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха жария етті. Ол биылдың өзінде интернеттегі алаяқтыққа қатысты 13746 факті тіркелгенін мәлімдеді. Соның салдарынан 13,5 мыңнан астам азамат зардап шеккен. Оның 70 пайызы – қала тұрғындары (9613), қалған 30 пайызы – ауылдық елді мекендердің тұрғындары (4118).

ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТЫҚ НЕГЕ КӨБЕЙІП КЕТТІ?

Төлен ТІЛЕУБАЙ

КИБЕРҚЫЛМЫСТА ШЕКАРА БОЛМАЙДЫ

«Жәбірленушілердің әлеуметтік жағдайы әртүрлі. Олардың арасында бюджет саласының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, зейнеткерлер, жеке кәсіпкерлер және басқа азаматтар бар. Азаматтарға келтірілген жалпы шығын 11 млрд 355 млн теңгені құрайды. Қылмысқа қарсы күрес нәтижесінде қабылданған іс-шаралардың нәтижесінде 2,5 мың түрлі интернет-алаяқтық жасауға қатысқан 521 адам ұсталып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Жәбірленушілерге 523 млн теңге көлемінде залал өтелді» деді Игорь Лепеха Мәжілістегі парламенттік тыңдауда.

Ішкі істер министрі орынбасарының айтуынша, интернетте көбейіп кеткен алаяқтық қылмыстарды шетелден келгендер жасайды. Олар онлайн-несие рәсімдеуге, азаматтардың банктегі шоттарын ұрлауға машықтанып алған.

«Солардың қолымен жасалған 9 мыңға жуық қылмыстың нәтижесінде азаматтарға шамамен 7 млрд теңге залал келтірілді, соның ішінде 5,8 млрд теңге онлайн-несие мен қарыз түрінде ресімделген. Әлеуметтік портретін келтірсек, бұл санатқа психологиялық тұрғыдан арнайы дайындалған, 20-дан 45 жасқа дейінгі, орыс тілін еркін меңгерген, шетелдік ұйымдасқан қылмыстық топтар құрамына кіретін, call-орталықтар қағидаты бойынша жұмыс істейтін, жақын және алыс шетелде тұрақты орналасқан ерлер мен әйелдер кіреді. Олардың арасында рөлдер нақты бөлінген: «келіссөз жүргізушілер», хакерлер, IT мамандары және өздерінің қауіпсіздік қызметі. Бұл жерде қылмыскерлер алдаудың ең көп таралған 4 әдісін қолданады: біріншісі – тауарлар мен қызметтерді сату туралы онлайн-жарнамаларды орналастырады; екіншісі – азаматтарға телефон соғып, өзін «банк пен құқық қорғау органдарының қызметкерімін» деп таныстырып, оларды әртүрлі жағдайға қызықтырады; үшіншісі – олар әртүрлі инвестициялық жобаларға ақшаны тиімді жолмен салуды ұсынады; төртіншісі – олар әртүрлі компаниялар мен ұйымдардың фишингтік сайтын жасайды, сол арқылы пайдаланушылардың құпия ақпаратын алады» деп түсіндірді мәселенің мәнісін құзырлы ведомство басшысы.

Игорь Лепеха интернеттегі алаяқтардың біршама бөлігі шетелде отыратынын айтты. Олардың қай елде отырып, кімді алдағанын да анықтау қиындық туғызады екен.

«Мұндай қылмыстық істерді тергеу қиын. Себебі көптеген қылмыс шет елдерден жасалады. Олар хакерлік бағдарламаларды қолданады. Соған қарамастан, біз олармен күресуде белгілі бір тәжірибе жинап келеміз. Былтыр желтоқсан айында ІІМ өткізген іс-шаралардың нәтижесінде Украина аумағында қызметі тек қазақстандық азаматтарға қатысты бағытталған ірі алаяқтық call-орталықтардың бірінің орналасқан жері анықталды. Украиналық әріптестермен бірлесіп бұл орталықты жойдық. 40 күдікті ұсталды, көптеген компьютерлік және басқа да арнайы заттар тәркіленді. Қазір сарапшылар оларды алдаған қазақстандықтар туралы деректерді алу үшін олардың құлпын ашумен айналысуда» деген дерек келтірді ол.

АЛАЯҚТАР ДРОППЕРДІ ПАЙДАЛАНАДЫ

Ішкі істер вице-министрі алаяқтар өздері көлеңкеде қалу үшін Telegram-арналардан тапқан Қазақстан азаматтарының арасынан «дроппер» деп аталатын адамдарды пайдаланатынын мәлім етті.

«Оларға жәбірленушілердің ақшасы түсетін бірнеше банкте шоттар ашуды тапсырады, олардың белгілі бір бөлігін дропперлер өзіне қалдырады (10 пайызға дейін), ал қалғанын алаяқтар көрсеткен банктік және өзге де электрондық шоттарға аударады. Осылайша ұрланған ақшаның шамамен 90 пайызы елден шығарылады. Ұрланған қаражат қозғалысын уақытылы бұғаттай алмаудың негізгі факторы – жәбірленушілердің полицияға «кеш» жүгінуі» деді ол.

Азаматтар алаяқтардың «құрбанына» айналғанын түсінгенше, ұрланған ақша шоттардан алынып, шетелге жіберіледі. Орташа алғанда, қылмыс жасалған сәттен бастап ішкі істер органдарына жүгінуге кететін уақыт 3 күннен бірнеше айға дейін созылады екен.

ПОЛИЦИЯ КҮРЕСІ ПӘРМЕНДІ МЕ?

Игорь Лепеха ІІМ бірнеше жылдан бері интернеттегі алаяқтыққа қатысты өзекті мәселелерге қоғамның назарын аударып, ұзақ уақыт бойы полиция бұл мәселемен жалғыз қалғанын айтты.

«Ұзақ уақыт бойы полиция бұл мәселемен жалғыз қалды деп айтуға болады. Бұл мәселенің географиялық және техникалық күрделілігі, сондай-ақ азаматтардың саналы жауапкершілігінің төмен деңгейі туралы бәрі бірдей ойлаған жоқ. Өздеріңіз білетіндей, 2022 жылғы 1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында интернет пен телефон алаяқтарына қарсы күресті күшейтуді тапсырды. Осылайша құзыретті мемлекеттік органдардың жауапкершілік шеңбері кеңейіп, алдын алу мәселелері басымдыққа ие болды. Соның нәтижесінде 2022 жылғы қараша айында Цифрлық даму министрлігімен және ұялы байланыс операторларымен өзара іс-қимыл жасаса отырып, алаяқтар пайдаланатын жалған нөмірлерден келетін «шетелдік» қоңырауларды бұғаттау механизмін әзірлеп, іске қостық. Бұл құрал енгеннен бері, яғни 11 айдың ішінде «шетелдік алаяқтардың» қылмыстық мақсаттарын іске асыру үшін біздің азаматтарға жасаған 37 миллионнан астам қоңырауының жолы кесілді» деген дерек келтірді вице-министр.

> Қазір халықтың 84 пайызында, яғни 8,4 млн-нан аса адамның банк алдында қарызы бар. Соңғы 1,5 жылда бұл көрсеткіш 27 пайызға өскен. 90 күннен кешіктірілген қарыз көлемі – шамамен 1,4 трлн теңге. 1,7 млн адам қарызын уақытылы төлей алмай отыр деген сөз

Қоңырауларды бұғаттау механизмі іске қосылған соң, миллиондаған қазақстандықты қауіпті қоңыраудан қорғауға мүмкіндік беріп қана қоймай, статистикалық деректерге де әсер етіпті. Қазір ең көп таралған екі әдіс бойынша (алаяқтар өздерін «банк және құқық қорғау органдары қызметкері ретінде таныстыру» немесе «тиімді онлайн-қарыз ресімдеуді ұсыну») жасалатын алаяқтық саны 20 пайызға қысқарған және бұл қылмыстардың ауыр және аса ауыр санаттарының деңгейі 12 пайызға төмендеген.

АБОНЕНТТІК НӨМІРДІ БЕРСЕҢ – ЖАЗАЛАНАСЫҢ!

Шетелдік алаяқтарға SIM-карта тіркеуге көмектескен қазақстандықтарға құқықтық жауапкершілік енгізіледі. Бүгінге дейін абоненттік нөмірді басқа адамдарға заңсыз бергені үшін жауапкершілік болған жоқ, бұл іс жүзінде азаматтарға осындай әрекеттерді кедергісіз орындауға мүмкіндік берді. Осы кемшілікті жою үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 637-бабы осындай әрекеттер үшін құқықтық жауапкершілікті көздейтін 18-тармақпен толығады. Бұл жаңалықты да Үкімет сағатында құзырлы министрлік өкілі жеткізді.

«Көптеген адамда «егер бізде ауыстырылатын нөмірлерді бұғаттау жүйесі болса, алаяқтар біздің азаматтарымызға шетелден қалай қоңырау шала алады?» деген сұрақ туындауы мүмкін.Бұған екі себеп бар. Біріншісі – олар қазақстандық ұялы байланыс компанияларының нөмірлерін пайдалана бастады. Сол баяғы дропперлер ақылы түрде электронды SIM-карталарды өз атына тіркеп, оны алаяқтарға береді, олардың көмегімен қылмыскерлер WhatsApp қосымшасында тіркеледі. Оны іске қосқаннан кейін алаяқтар жәбірленушілерге көрсетілген мессенджер арқылы қоңырау шалып, сөйлеседі, ал олардың орналасқан жерін мұндай жағдайда анықтау қиын болып келеді. Осы уақытқа дейін абоненттік нөмірді басқа адамдарға заңсыз бергені үшін жауапкершілік болған жоқ, бұл іс жүзінде азаматтарға осындай әрекеттерді кедергісіз орындауға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта бұл олқылық жойылуда. Әкімшілік заңнамаға түзетулер енгізу қаралуда. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 637-бабы осындай әрекеттер үшін құқықтық жауапкершілікті көздейтін 18-тармақпен толықтырылады» деді ол.

Сонымен қатар бақылау шараларын күшейту үшін Цифрлық даму министрлігі «Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларына» толықтырулар жобасын әзірледі. Осы толықтыруларға сәйкес, телефон нөмірлерін тіркеу кезінде азаматтар «биометриядан» өтуге міндетті болады. Бұл шара азаматтық жауапкершілікті арттырады және ұялы байланыс қызметтерін пайдалануда тәртіп орнатуға мүмкіндік береді дейді мамандар.

«Екінші себеп – алаяқтар арнайы IP және SIP телефония бағдарламаларының мүмкіндігін пайдалана бастады. Оларды компьютерге немесе телефон құрылғысына орнатқаннан кейін алаяқтар қосымша қолданбаларды пайдаланып, өз нөмірін кез келген басқа нөмірге ауыстырады, осылайша алаяқтар қоңырау қабылдаушыларды алдайды. Мұнда алаяқ өзінің анонимділігін және орналасқан жерінің құпиялығын да қамтамасыз етеді. Осыны ескере отырып, Ішкі істер министрлігі «Қазақтелекомға» Қазақстанның телекоммуникация желісіне жалған трафиктің рұқсатсыз өтуіне жол бермеу бойынша жаңа шараларды әзірлеу қажеттігі туралы ұсыныс енгізді. Қазір бұл бағытта жұмыс жүргізілуде, оператор техникалық шешімін табады деп сенеміз» деп түсіндірді И.Лепеха.

> Кредит алып, қарызға белшесінен бату салдарынан және оны төлей алмағандықтан қарыз алушылардың суицидке, қылмысқа баратын деректері кездеседі. Биыл несиесін қайтара алмаған 12 қазақстандық қол жұмсап, қайтыс болды. Олар – Алматы қаласы, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, БҚО, Қызылорда, Қостанай және Павлодар облыстарының тұрғындары

БАНК НЕГЕ ҚАРЫЗ БЕРЕДІ?

Бүгінгі таңда кейбір жәбірленушілер: «Банктер қарыз алатын адамның төлем қабілетін білмесе, бағалай алмаса неге қарыз береді?» деп сұрап жатады. Әлбетте, бір жағынан, онлайн тәртіппен несие ресімдеу және алу халыққа ыңғайлы. Екінші жағынан, банктер және шағын несие беретін ұйымдар қарыз беру кезінде қарыз алушылардың нақты кірісі мен әлеуметтік мәртебесіне назар аудармайтыны анық.

Үкімет сағатында осы мәселенің мәнісін бірнеше депутат білгісі келіп, сұрақ қойды. Мәжіліс депутаты Руслан Берденов Қазақстанда 8,4 млн азаматқа 18,1 трлн теңге несие берілгенін мысалға келтірді.

«Осы азаматтардың арасында банк алдындағы қарызын 90 күннен кешіктірген (2 триллион теңге) адам саны – 1,8 млн адам. Бұл жағдай тек банк, қаржы ұйымдарына тиімді. Екінші деңгейдегі банктер несиені 20-58 пайызға дейін берсе, микроқаржы ұйымдары жылына 1000 пайызға дейін несие беріп бір пайда тапса, 2023 жылы 12,7 трлн теңгеге транзакция жасап, әр аударымға 1-3 пайызға дейін комиссия алған» деді Р.Берденов.

Бұл сауалға Ішкі істер министрінің орынбасары былай жауап қайырды:

«ІІМ-ге интернет-алаяқтық туралы істер бойынша несиелерді есептен шығаруға көмектесу туралы өтініштер келіп түсуде. Адамдар мұндай істерді тергеудің қиындығын, тіпті өз қателігін түсінеді, бірақ «неліктен банктер адам оны қалай өтейтінін ойламай, қолжетімсіз кредиттерді жайбарақат береді?» деген сұрақ туындайды. Олардың сыны өте орынды. Бұл ретте бір ғана мысал келтірейін. Қостанай облысында зейнеткер телефон арқылы сөйлесу барысында «WhatsApp қоңырауы» арқылы ақша салуды ұсынған шетелдік алаяқтардың алдауына түсіп, 2 банкте және бір микрокредиттік ұйымда жалпы сомасы 21 млн теңгеге 6 онлайн тұтыну кредитін ресімдеп, кейіннен алаяқтарға аударды. Полицияға тек екі аптадан кейін жүгінген, ол кезде ақша шетелге дроппер арқылы шығарылған. Әрине, біз олардың жеке басына қатысты мәліметтерді анықтадық және оларға процессуалдық баға берілді. Жәбірленушінің ай сайынғы зейнетақысы – 150 мың теңге, ал кредиттер бойынша төлемі 350 мың теңгені құрайды».

12 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАҒАН

Азаматтардың шектен тыс несие алуының соңы қайғылы жағдайға әкеліп соққан.

«Әрине, адам несие рәсімдеген кезде оны қайтару мүмкіндігін де ескеру керек. Бірақ қаржылық сауаттылықтың төмендігінен бұған мән бермейміз. Кредит алып, қарызға белшесінен бату салдарынан және оны төлей алмағандықтан қарыз алушылардың суицидке, қылмысқа баратын деректері кездеседі. Биыл несиесін қайтара алмаған 12 қазақстандық қол жұмсап, қайтыс болды. Олар – Алматы қаласы, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, БҚО, Қызылорда, Қостанай және Павлодар облыстарының тұрғындары. Қыркүйектің аяғында тағы бір осындай факт БАҚ-та жарияланды» деді Игорь Лепеха.

Ал Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов еліміздегі 1,7 млн адам қарызын төлей алмай жүргенін айтты.

«Қазір халықтың 84 пайызында, яғни 8,4 млн-нан аса адамның банк алдында қарызы бар. Соңғы 1,5 жылда бұл көрсеткіш 27 пайызға өскен. 90 күннен кешіктірілген қарыз көлемі – шамамен 1,4 трлн теңге. 1,7 млн адам қарызын уақытылы төлей алмай отыр деген сөз. Осының бәрі несие проблемасының қаншалықты асқынып кеткенін көрсетеді» деді ол парламенттік тыңдауда.

Астана қаласының мәслихаты II, VI сайланымдар депутаты, №17 мектеп-гимназия директоры Рәмзия Фаатқызы Өмірбаеваға анасы

Роза Ибрагимқызы Китаеваның

дүниеден өтуіне байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, елордалық Ақан Құрманов атындағы №17 мектеп-гимназияның директоры Рәмзия Фаатқызы Өмірбаеваның аяулы анасы

Роза Ибрагимқызы Китаеваның

өмірден озуына байланысты Астана қаласының Қоғамдық кеңесі атынан марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

Газетіміздің келесі саны 2023 жылдың 28 қазан күні шығады.

№126-127 (4560) 24/10/2023 Сейсенбі

КІТАПХАНА – ӨРКЕНИЕТ ШЫРАҚШЫСЫ

24 қазан – Кітапханашылар күніне орай Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен Қазмедиа орталығында мерекелік іс-шара өтті. Салтанатты жиынға Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қазақстанның әр өңірінен келген кітапханашылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері мен ардагер кітапханашылар қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Бүгінде елімізде 12 мыңға жуық кітапхана бар. Оның ішінде Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты республикалық, облыстық, аудандық, ауылдық дәрежеде 4 мыңға жуық кітапхана жұмыс істейді. Сонымен қатар мектеп, колледж, жоғары оқу орындары мен ведомстволар және ғылыми-зерттеу институттарында да кітапхана қызметі ашылған. Қазіргі таңда бұл салада республика бойынша 20 мыңдай кітапханашы еңбек етуде.

Іс-шараның мақсаты – қоғамдағы кітапханашы мамандығының беделін арттыру, имиджін қалыптастыру және еліміздің түкпір-түкпірінде руханият саласына еңбек сіңіріп жүрген кәсіби майталмандарды дәріптеу. Жиын барысында әр өңір кітапханаларының озық жобалары таныстырылып, кітапхана тарихына арналған көрме қойылды.

Астана қаласы бойынша орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Қуат Бораштың алғыс хатымен марапатталды.

– Біздің жүйеге 18 кітапхана кіреді. Біреуі – М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапхана. Одан бөлек, 10 көпшілік кітапхана, 6 балалар кітапханасы және 1 көзі нашар көретін және көзі көрмейтін азаматтарға арналған кітапхана бар. Солардың бәрінде кітап қоры 800 мыңға жақындады. Келетін оқырмандар саны – 78 мың адам. Биыл 4 кітапханаға жаңғырту жұмысы жүргізілді және бізге тағы 4 жаңа ғимарат берілді, оларды жөндеу жұмысы келесі жылға жоспарлануда. Бұл – біз үшін үлкен жетістік, – дейді Г.Мәдібаева.

Мерекелік жиын одан әрі кітапхана ісі саласының мәселелеріне арналған дөңгелек үстелге жалғасты.

Республика күні 25 қазан

Сағыныш ДҮЙСЕНҚЫЗЫ,
Астана қаласы орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы:

– Әр ақынды, әр жазушыны дәріптеп, әртүрлі бағытта шығармаларын насихаттау, оқырманға жеткізу – кітапханашылардың парызы. Олар жарық шамшырақ іспеттес. Кітап оқымайтын адамдарды түсінбеймін. Кітапсыз жан дүниең бос болады. Кітаппен сырласасың, рухани тұрғыдан байисың, көзқарасың қалыптасады. Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіндегі әріптестерімді ұлы мереке – Республика күнімен және кәсіби мерекеміз – кітапханашы күнімен құттықтаймын! Оқырмандарымыздың санасына шамшырақ болып жарық шаша берейік!

24/10
18:00
РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ
Е.Рахмадиев филармониясы
Республика күні 25 қазан

24/10
19:00
«РЕСПУБЛИКАМ – ҚАЗАҚСТАН» МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТІ
«Наз» би театры

25/10
17:00
«ОТАН ҚЫМБАТ» МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТІ
Бейбітшілік және келісім сарайы

НЕ? ҚАЙДА ҚАШАН?

24/10
20:00
«ҰЛЫТАУ ҰЛЫ» МЕГА-ШОУЫ
Барыс Арена

25/10
19:00
«АЛАШ ЖОЛЫ» СПЕКТАКЛІ
Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры



24-25/10
18:00
«ҚЫЗ ЖІБЕК» ДРАМАЛЫҚ ОПЕРАСЫ
Қ.Қуанышбаев театры

25/10
19:00
«ШӘМШІ» МЮЗИКЛІ
Музыкалық жас көрермен театры

25/10
19:00
«АЛИЯ» ДРАМАСЫ
М.Горький театры

27/10
19:00
ЖЕТІГЕН-АҢЫЗ
Е.Рахмадиев филармониясы

28/10
18:00
«МӘҢГІЛІК ЕЛ» МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТІ
«Астана Балет»

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №126-127
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Индира БЕРЖАНОВА**